Бекітемін:

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы.**

**Білім беру ұйымының атауы:** Т.Г.Шевченко атындағы жалпы білім беретін мектебі.

**Мектепалды** «0» А сыныбы.

**Балалардың жастары:** 5 жас.

**Жоспарлау күні:** 12.02.-16.02. 2023-2024 оқу жылы.

| **Күн тәртібі** | **Дүйсені** | **Сейсенбі** | **Сәрсенбі** | **Бейсенбі** | **Жұма** |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін қолайлы жағдай жасау. Балалардың бүгінгі көңіл-күйі туралы әңгімелеу және оны не қызықтырады, баланың жеке пікірін білдіруге қатыстыру. | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңесу, әңгімелесу** | Ата-аналармен баланың денсаулығы, үй режимі, тәрбиелеу, дамыту және оның жетістіктері туралы әңгімелер, кеңестер. | | | | |
| **Балалардың дербес әркеті (баяу, қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар).** | **Д.О.** «Ұйқыдағы аңды тап»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың логикалық ойлау қабілеттерін дамыту.<br>**Ойын барысы:** Суреттен қысқы ұйқыдағы аңды табады, әңгімелейді. | **Боямақ.**<br>«Ғажайып орман» | **Д.О.** «Қандай заттың пішіні дөңгелекке ұқсайды?»<br>**Ойынның мақсаты:** Геометриялық пішіндер туралы білімдерін толықтыру.<br>**Ойын барысы:** Дөңгелекке ұқсайтын заттарды атау.<br>**Мысалы:** доп, күн, алма, сағат т.б. | **Д.О.** «Айырмашылығын тап»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың логикалық ойлау қабілетін, ес, зейінін дамыту.<br>**Ойын барысы:** Суретке қарап, суреттен қандай айырмашылық көріп тұрғанын айтады. | **Д.О.** «Кітап-біздің досымыз»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың кітапқа деген қызығушылығын арттыру.<br>**Ойын барысы:** Балалар кітап бұрышындағы кітаптарды қарайды, танысады, ондағы таныс ертегілер мен әңгімелерді айтады. |
| **Ертеңгілік жаттығу.** | **Ақпан айының 2-аптасына арналған жаттығу кешені. Мақсаты.** Балалардың жалпы даму жаттығуларын жасау арқылы балаларды шапшаңдыққа, дене бітімін дұрыс қалыптасуына үйрету.<br>Салауатты өмір салтын сақтаймыз,<br>Жаттығудан ешқашан да қашпаймыз. | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетіне дайындық.** | **Шаттық шеңбері:**<br>-Таңертең тұрғанда нені көресіңдер? (Күнді)<br>-Күнді көргенде қалай қуанасыңдар? (Алақай!)<br>-Күн бізге не шашады? (Жылуын шашады).<br>-Қане, алақанымызды жылытайық,<br>Қолымызды Күнге созайық. | **Шаттық шеңбері**<br>Қуанамын мен де,<br>Қуанасың сен де.<br>Қуанайық достарым,<br>Арайлап атқан күнге. | **Шаттық шеңбері.**<br>Жылулық шеңберін ұйымдастыру. Қоларындғы әдемі жүрек ойыншықты бір-біріне беріп тұрып, жақсы тілектерін айту. | **Шаттық шеңбері.**<br>Қуан, шаттан, алақай,<br>Қуанатын келді күн.<br>Қайырлы таң, қайырлы күн,<br>Күліп шықты бүгін де күн. | **Шаттық шеңбері.**<br>Арайлап таң атты,<br>Алтын сәуле таратты.<br>Жадырайды жүздерің,<br>Жарқырайды тобымыз,<br>Қайырлы таң балалар! |
| **Кестеге сәйкес ұйымдастырылған іс-әрекет.** | **1.Сауат ашу негіздері.**<br>**Міндеттері:** Сөздерді дыбыстық талдау: | **1.Сөйлеуді дамыту.**<br>**Міндеттері:** Сөздік қор. Қазақ халқының салт- | **1.Сауат ашу негіздері.**<br>Сөйлем туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. | **1.Сөйлеуді дамыту.**<br>**Міндеттері:** Сөздік қор. Қазақ халқының салт- | **1.Сауат ашу негіздері.**<br>**Міндеттері:** Әртүрлі бағыттағы тігінен, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтау.<br>**№2 жұмыс дәптері.**<br>**1.**Дыбыстық талдау жаса.<br>**2.**Суреттерді штрихта.<br>**3.**Үзік сызықтарды бастыр, жалғастырып жаз.<br>**Сергіту сәтін өткізу.**<br><br>**2.Математика.**<br>Жиын. Жиынды сапасы бойынша әртүрлі элементтерден (түсі, өлшемі, пішіні, дыбысы, қимылы, қолданылуы бойынша заттардан) құру, жиындарды бөліктерге бөлу және қайта біріктіру, бүтін жиын мен оның әр бөлігі арасында байланыс орнату, жиынның бөліктен үлкен екенін, бөліктің жиыннан кіші екенін жиынның бөліктерін санау және элементтердің (заттардың) бір-біріне қатынасы негізінде салыстыру.<br>**Д.О. «Ілгекті жолдар»**<br>**Ойынның мақсаты:** Саусақ моторикасын дамыту. Ілгектердің көлемін, түсін ажырата білуге үйрету. Бірдей түсті ілгектерді таба білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Жиналған бірдей ілгектерден ақ қағаз | дәстүрлерімен таныстыруды жалғастыру, «Асар», «Сүйінші сұрау» дәстүрлерінің мәнін түсіндіру, балаларды бір-біріне көмек қолын созуға, бірлесіп, келісіп ойнауға, тапсырманы орындауға, бір-бірінің қуанышына ортақтаса білуге, бір-біріне қамқор болуға баулу.<br>**Шаттық шеңбері.**<br>Атым-қазақ, текті батыр ұланбыз,<br>Қадірлейміз қазағымның мұрасын.<br>Әдептілік-сұлулық пен теңдесіз,<br>Дәріптейміз ата дәстүр бұлағын.<br>**Суретпен жұмыс.**<br>Салт-дәстүрім мақтанышым.<br>**Мақсаты:** Салт-дәстүрімізді дәріптей отырып, балаларды адалдыққа, ұлтжандылыққа, мейірімділікке тәрбиелеу.<br>**Суретпен жұмыс.**<br>-Суретте не бейнеленген?<br>-Суреттен қазақ халқының қандай салт-дәстүрлерін көріп тұрсыңдар?<br>-Өзің білетін салт-дәстүрлерді ата.<br>-Шілдехана, тұсау кесер, сүндет той, беташар сынды салт-дәстүрлерге барып көргендерің бар ма?<br>**Музыка тыңдау:**<br>«Қазағымның дәстүрі» О.Сүлеймен.<br>**Сюжеттік-рөлді ойын:**<br>«Тұсау кесу»<br>**Ойын барысы:** Тұсау кесу рәсімін сахналау. Рәсімді | (грамматикалық, анықтамасыз), сөйлем сөздерден тұратынын түсіну. Сөйлемді ауызша талдау: жай сөйлемдерді сөздерге бөлу, сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау, берілген сөзге сөйлем құрастыру.<br>**№2 жұмыс дәптері.**<br>Сөйлем құрау.<br>**1.**Суреттерді қара. Әр сурет бойынша сөйлем құра.<br>**2.**Суреттерді штрихта.<br>**3.**Үзік сызықтарды бастыр, жалғастырып жаз.<br>**Сергіту сәтін өткізу.**<br>**Д.О.** «Суреттер сөйлейді»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың тіл байлығын арттыру, сөздік қорын молайту.<br>**Ойын барысы:** Балаларға бірнеше әртүрлі суреттер таратылып беріледі. Балалар берілген сурет бойынша оған **дейінгі** және одан **кейінгі** оқиғаны ойлап табады.<br><br>**2.Математика.**<br>Жиын. Жиынды сапасы бойынша әртүрлі элементтерден (түсі, өлшемі, пішіні, дыбысы, қимылы, қолданылуы бойынша заттардан) құру, жиындарды бөліктерге бөлу және қайта біріктіру, бүтін жиын мен оның әр бөлігі арасында байланыс орнату, жиынның бөліктен үлкен екенін, бөліктің жиыннан кіші екенін жиынның бөліктерін санау және элементтердің (заттардың) бір-біріне қатынасы негізінде салыстыру.<br>**Д.О.** «Кім жылдам?» | дәстүрлерімен таныстыруды жалғастыру, «Асар», «Сүйінші сұрау» дәстүрлерінің мәнін түсіндіру, балаларды бір-біріне көмек қолын созуға, бірлесіп, келісіп ойнауға, тапсырманы орындауға, бір-бірінің қуанышына ортақтаса білуге, бір-біріне қамқор болуға баулу.<br>**Шаттық шеңбері.**<br>Атым-қазақ, текті батыр ұланбыз,<br>Қадірлейміз қазағымның мұрасын.<br>Әдептілік-сұлулық пен теңдесіз,<br>Дәріптейміз ата дәстүр бұлағын.<br>**Суретпен жұмыс.**<br>Салт-дәстүрім мақтанышым.<br>**Мақсаты:** Салт-дәстүрімізді дәріптей отырып, балаларды адалдыққа, ұлтжандылыққа, мейірімділікке тәрбиелеу.<br>**Суретпен жұмыс.**<br>-Суретте не бейнеленген?<br>-Суреттен қазақ халқының қандай салт-дәстүрлерін көріп тұрсыңдар?<br>-Өзің білетін салт-дәстүрлерді ата.<br>-Тағы қандай салт-дәстүрлерді білесіңдер?<br>**Музыка тыңдау:**<br>«Қазағымның дәстүрі» О.Сүлеймен.<br>**Тыңда.**<br>**Асар**-бұл дәстүрдің ерекшелігі сол, бір отбасы өзіне үй салып жатқан кезде, ағайын туыстары, достары, көршілері көмекке келеді, бір-біріне | көлденең, қысқа және ұзын, толқынды ирек сызықтарды, нүктелерді, тамшы тәрізді пішіндерді олардың арасындағы арақашықтықты сақтап, алдымен үлгі бойынша және кейіннен өз бетінше жазуға мүмкіндік беру.<br>**«Кел жазайық»**<br>Көмектесе жүріп жазу жұмысын орындату.<br>**Д.О.** «Көңілді сызбалар әлеміне саяхат»<br>**Ойынның мақсаты:** Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең сызықтарды сала білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Берілген сызбаларды, штрихтарды, жиектерді, ұзын, қысқа тік таяқшалармен әр түрлі өрнектер салады.<br>**Қолға қалам аламыз, әдемі етіп жазамыз!**<br>**Шарты:** Үзік сызықтарды үстінен бастырып жазу. Балалардың қолдарын жазуға жаттықтыру.<br><br>**1.Математика.**<br>**Міндеттері:** Жиын. Жиынды сапасы бойынша әртүрлі элементтерден (түсі, өлшемі, пішіні, дыбысы, қимылы, қолданылуы бойынша заттардан) құру, жиындарды бөліктерге бөлу және қайта біріктіру, бүтін жиын мен оның әр |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | бетіне жол жасау.<br>**Д.О.** «Әдемі гүлдер»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың логикалық ойлау қабілеттерін дамыту.<br>**Ойын барысы:** Балалар суреттегі гүлдерді санап санын айтады және түсіне қарай топтастырады.<br>**Д.О.** «Заттың қасиетін анықта»<br>**Ойынның мақсаты:** Заттардың қасиетін, оларды қолданылуын анықтау, ажырата білуді үйрету.<br>**Ойын барысы:** Ойынға 2 бала шығады. Суреттегі заттардың қасиетін анықта. Заттың атын атамай қасиетін ғана айт. Досың оның не екенін тапсын.<br>**Дәмі:** тәтті, ащы, тұзды, қышқыл.<br>**Материалы:** темір, ағаш, жібек, шыны, пласмасса.<br>**Д.О.** «Өзгерт»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың логикалық ойлау қабілеттерін дамыту.<br>**Ойын барысы:** Суреттегі геометриялық фигуралардың пішінін және түсін өзгерт.<br>**Д.О.** «Геометриялық домино»<br>**Ойынның мақсаты:** Геометриялық пішіндерді түсі, көлемі, өлшемі бойынша ажырата білуге | әже болып педагог орындайды. Балалар қуыршақты жетелейді.<br>Қаз-қаз, балам, қаз балам,<br>Қадам бассаң мәз болам.<br>Күрмеуіңді шешейік,<br>Тұсауыңды кесейік.<br>**Д.О.** «Бұл қай салт-дәстүр?»<br>**Ойынның мақсаты:** Қазақ халқының салт-дәстүрлерін ажрата білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Тақтаға қазақ халқының бірнеше салт-дәстүрлерінің суреттері ілінеді. Балалар суретке қарап қандай салт-дәстүр екенін айтады.<br><br>**2.Қоршаған ортамен таныстыру.**<br>**Міндеттері:** Адамгершілік және патриоттық тәрбие. Тірі және өлі табиғаттың, Қазақстанның әсем табиғаты, көрнекі жерлері мен тарихи орындарының, мәдени мұрасының маңыздылығын түсіну.<br>**Шаттық шеңбері.**<br>Балалар шаттық тұрады. Педагог балаларға кезекпен допты лақтырады. Допты қағып алған бала қай қалаға барғанын және қандай көрікті жерлерде болғанын әңгімелейді.<br>**Суретпен жұмыс.**<br>**Қазақстан**-үлкен ел. Мұнда өзен, көл, орман, жазықтар, таулар бар. Қазақстанда ауылдар мен қалалар көп. Кең-байтақ жерімізде Байқоңыр ғарыш айлағы орналасқан. | **Ойынның мақсаты:** Түс, пішін, өлшем туралы білімдерін толықтыру.<br>**Ойын барысы:** Балалар түсі, пішіні, өлшемі бірдей жалаушаларды табады, ажыратады.<br>**Д.О.** «Көліктің дөңгелектері»<br>**Ойынның мақсаты:** Түстерді ажырата білуге және көлшектері туралы білімдерін толықтыру.<br>**Ойын барысы:** Көліктердің түсіне сай дөңгелектерді орналастырады.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:** «Түрлі-түсті шар»<br>**Ойынның мақсаты:** Балаларды түстерді ажырата білуге үйрету арқылы таным белсенділіктерін арттыру.<br>**Керекті құралдар:** Түрлі-түсті шар.<br>**Ойынның барысы:** Педагог балаларға түрлі-түсті шарды таратады да, өзі бір түсті атайды. Орнында отырған бала тез орнынан тұрып, ортаға жүгіріп шығуы тиіс.<br><br>**3.Көркем әдебиет.**<br>**Міндеттері:** Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауына ықпал ету, олардың мазмұнын түсіну, себеп-салдарлық байланыстарды, жанрларды (ертегі, әңгіме, өлең) ажырату, тілдің көркемдігін сезіну (эпитеттер, сипаттамалар, образды сөздер), шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекетін бағалау. Шығарма мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырп, эмоциямен қисынды | көмектесу арқылы ынтымақ пен бірлікті жарастырады. Әлбетте асарға келген адам ақша алмайды. Оларға арнап үй иесі бір қой сойып, қазан асып, дастархан жаяды.<br>**Ұжымдық жұмыс.**<br>«Үй»<br>**Мақсаты:** Геометриялық фигуралардан аппликация жасай білуге үйрету. Қию тәсілдерін жетілдіру. Балаларды татулыққа, ұжым болып бірлесіп жұмыс жасай білуге үйрету.<br>**Балалардың жұмысы:**<br>.Орташа шаршы-үйдің қабырғасы.<br>.Үлкен үшбұрыш-үйдің шатыры.<br>.Кішкентай шаршы-терезесі.<br>.Тіктөртбұрыштан үйдің есігін қиып жапсыру.<br>**Сергіту сәті.**<br>Бұғының үлкен үйі бар,<br>Терезеден қарайды.<br>Қоян жүгіріп келеді,<br>Бұғының үйін көреді.<br>Тук-тук досым есік аш,<br>Анау орман аңшы қаш.<br>Қоян, қоян келе ғой,<br>Қолыңды маған бере ғой.<br>**Д.О.** «Бұл қай салт-дәстүр?»<br>**Ойынның мақсаты:** Қазақ халқының салт-дәстүрлерін ажырата білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Тақтаға қазақ халқының бірнеше салт-дәстүрлерінің суреттері ілінеді. Балалар суретке қарап қандай салт-дәстүр екенін айтады.<br>**Сюжеттік-рөлді ойын:** | бөлігі арасында байланыс орнату, жиынның бөліктен үлкен екенін, бөліктің жиыннан кіші екенін жиынның бөліктерін санау және элементтердің (заттардың) бір-біріне қатынасы негізінде салыстыру.<br>**№2 жұмыс дәптеріндегі тапсырмаларды орындату.**<br>**Д.О.** «Бет орамалға лайық жамауларды табу»<br>**Ойынның мақсаты:** Геометриялық пішіндерді түсі, өлшемі, пішінін ажырата және салыстыра білуге жаттықтыру. Балалардың логикалық ойлау қабілеттерін дамыту.<br>**Ойын барысы:** Балаларға бет орамалдардың үлгісін таратып беру. Алдарындағы пішіндердің ішінен әр орамалға лайық жамауды табуды ұсыну.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:** «Түрлі түсті автокөліктер»<br>**Ойынның мақсаты:** Түстерді ажырата білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Балалар залдың шетіне тұрады. Олар – **автокөліктер.** Әр балаға түрлі-түсті шеңбер беріледі. Педагог қолына түрлі-түсті жалаушалар ұстап, залдың ортасында тұрады. Бір кезде белгілі |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | үйрету.<br>**Ойын барысы:**<br>Геометриялық пішіндер әртүрлі көлемде: үлкен-кіші және түстері әртүрлі болады. (қызыл, сары, жасыл, көк).<br>**Балаларға тапсырма:**<br>2 бірдей қызыл түсті шеңберді тап!<br>Бірдей түсті барлық пішіндерді жина!<br>Өлшемі бойынша бірдей үшбұрыштарды тап!<br>Үлкен пішіндердің бәрін тап!<br>Барлық бірдей көк түсті кішкентай пішіндерді тап!<br><br>**3.Көркем әдебиет.**<br>**Міндеттері:** Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауына ықпал ету, олардың мазмұнын түсіну, себеп-салдарлық байланыстарды, жанрларды (ертегі, әңгіме, өлең) ажырату, тілдің көркемдігін сезіну (эпитеттер, сипаттамалар, образды сөздер), шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекетін бағалау. Шығарма мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырып, эмоциямен қисынды қайталап айтып беру, диологтік сөйлеуді дамыту, кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіру. Әдеби кейіпкерлердің | Қазақстан өсімдіктер мен жануарларға бай.<br>Біздің Отанымыздың жері өте бай және әдемі.<br>**Суретпен жұмыс.**<br>**Шарты:** Сурет бойынша балаларға еліміздің көрнекі жерлері мен тарихи орындарының, мәдени мұрасының маңыздылығын түсініндіру.<br>18 сәуір Халықаралық ескерткіштер мен тарихи орындар күні.<br>**Қожа Ахмет Ясауи кесенесі-** еліміздің ең танымал тарихи орындарының бірі және Орталық Азия аумағындағы орта ғасырлық сәулет өнерінің көрнекті туындысы. Әмір Темірдің басшылығымен XIV ғасырда салынған кесене халқымыз үшін киелі орын.<br>**Таңбалы кешені.** Көне дәуірден сыр шертетін Таңбалы тастар еліміздің аса маңызды тарихи мұраларының бірі. Жартастағы суреттердің жалпы саны 5000-ға жуықтайды. Бұл жартастағы суреттер ертедегі адамдардың қоршаған әлемді қабылдауын көрсетеді, дүниетанымын танытады.<br>**Ақыртас сарай кешені.** Қойнауы құпияға толы Ақыртас сарай кешені VIII-XII ғасырларда салынған. Қабырғаларына қаланған тас блоктардың әрқайсысының салмағы бір | қайталап айтып беру, диологтік сөйлеуді дамыту, кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіру. Әдеби кейіпкерлердің белгілі бір әрекетін өзінің қалай қабылдағаны туралы айту, кейіпкерлердің жасырын әрекетін түсіну.<br>**Шаттық шеңбері.**<br>Балалар шеңбер бойы дөңгеленіп тұрып, **«Мен ертегі тыңдағанды жақсы көремін, себебі...»-деп,** өздері сүйіп тыңдаған ертегілері арқылы нені үйренгендерін айтады.<br>**Тыныштық сәті.**<br>-Ертегі-бұл ерекше жанр. Ертегідегі жануарлар адам сияқты сөйлей алуы және адам үшін түрлі нәрселер жасай алуы мүмкім. Ертегіде сиқырлы құралдар бар. Жануарлар, аңдар туралы қандай ертегі тыңдадыңдар? Естеріңе түсіріңдер.<br>Балалар көздерін жұмып, ата-аналарынан немесе басқа ересектерден тыңдаған ертегілерін естеріне түсіреді.<br>Бір-екі бала естеріне түсірген ертегілерінің мазмұнын қысқаша айтып береді.<br>**Д.О.** «Ойлан тап»<br>**Ойынның мақсаты:** балалардың есте сақтау қабілеттерін арттыру.<br>**Ойын барысы:** Педагог балалардың білетін шығармаларынан үзінді оқиды. Балалар оның қай шығарма екенін тауып айтады.<br>**Жұмбақтар шешейік.**<br>Қаңғырамын үйім жоқ, | «Сүйінші сұрау»<br><br>**2.Қоршаған орта.**<br>**Міндеттері:** Адамгершілік және патриоттық тәрбие.<br>Қазақ халқының киіз үйінің маңыздылығын, оның құрлысы мен ішкі жабдықтарын білу.<br>**Суретпен жұмыс.**<br>**Киіз үй және киіз үй жабдықтары.**<br>Балаларға көрнекілік әдісі арқылы түсіндіру, таныстыру.<br>**Киіз үй** -халқымыздың атамзаманнан бергі ең жақын серігі, тұратын баспанасы. Киіз үйдің іші қыста жылы, жазда салқын. Киіз үй тез құрылады, тез жиналады. Киіз үй ауа-райының қандай жағдайында да пайдалануға өте ыңғайлы. Ішіне жарық жақсы түседі, ауа алмасуы талпқа сай, жел, дауылға шыдамды. Киіз үйдің төбесі күмбез тәрізді болып келеді. Киіз үйдің негізгі қаңқасын **сүйегі**-деп атайды.<br>**Олар:** кереге, уық, шаңырақ, сықырлауық.<br>**Кереге**-киіз үйдің ағаштан жасалған жиналмалы, торкөзді сүйегі.<br>**Шаңырақ**-киіз үйдің уықтарын біріктіріп, көтеріп, ұстап тұратын дөңгелек шеңбер.<br>**Уық**-кереге мен шаңырақтың арасын ұстап, қосып тұратын сырық.<br>**Киіз есік**-сықырлауықты | бір жалауды жоғары көтереді, қолындағы шеңбері жалаудың түсімен бірдей балалар залды айналып кез-келген бағытта жүгіреді. Олар гуілдеп, автокөлік айдап бара жатқандай қимылдар жасайды. Педагог жалауды түсірген кезде балалар тоқтайды. Педагог басқа түсті жалауды көтерген кезде басқа балалар жүгіреді. Педагог бір, екі немесе үш түсті жалауды бірге көтеруіне болады. Онда барлық автокөліктер жолға шығады.<br><br>**3.Мүсіндеу.**<br>**Міндеттері:** Қазақ халқының түрлі тұрмыстық заттарын (керуерт, үстел, ер-тұрман, ошақ, кебеже, диірмен) таныстыру, аталған заттардан қалауы бойынша мүсіндеу және оларды ою-өрнектермен безендіру. Мүсіндеген заттарымен түрлі ойындар ойнау. Жұмысты ұқыпты орындау, заттарды жинау, қауіпсіздік ережелерін сақтау.<br>**Суретпен жұмыс.**<br>Балаларға сурет арқылы қазақ халқының тұрмыстық заттары: керует, үстел, ер-тұрман, ошақ, кебеже, диірменмен таныстыру.<br>**Ертегілер еліне саяхат.** |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | белгілі бір әрекетін өзінің қалай қабылдағаны туралы айту, кейіпкерлердің жасырын әрекетін түсіну.<br>**Шаттық шеңбері.**<br>Балалар шаттық шеңберінде тұрып, бір-біріне құстардың атына байланысты еркелетіп айтатын сөздерді айтады.<br>-Көгершінім.<br>-Балапаным.<br>-Қарлығашым.<br>**Суретпен жұмыс.**<br>**Тыңда.**<br>-Қыс мезгілі суық, карлы, боранды болады. Қыста суыққа төзе алатын құстар ғана қыстап қалады. Олар: (суреттен көрсету) торғай, қарға, кептер, сауысқан.<br>Көкек, карлығаш, ләйлек, аққу, қараторғай бұлар жыл құстары.<br>Қыста құстар ағаштардың бұтақтарын паналап күнелтеді. Қарны ашып тоңған, жаураған құстар адамдарға жақын ұшып-қонып жүреді. Адамдар жемшашар жасап, оған жем салып, ағаштың бұтағына іліп қояды.<br>**Балалар, құстар, ұя** деген сөздерге сөйлем құрастыру.<br>**Сергіту сәті.**<br>Құстар біздің досымыз,<br>Бау-бақшаны қорғайды.<br>Ұя жасап қарсы алсақ, | тоннаға жуық. Ғалымдар Ақыртас кешенін араб деректерінде кезігетін Ұлы Жібек жолының бойындағы касрибас қаласы деп болжайды.<br>**Жаркент мешіті**-Жетісудың жауһары, сәулет өнерінің тағы бір керемет туындысы.<br>Шегесіз салынған бұл мешіт 1887-1892 жылдар аралығында бой көтерген. Құрлыс жұмыстары Бейжіңнен шақырылған қытай маманы, инженер-Хоң Пиктің басшылығымен жүргізілген.<br>**Айша Бибі кесенесі**-XI-XII ғасырлардағы сәулет өнерінің көрнекті ескерткіші. Ойып жасалған өрнектердің көркемдігі мен сан түрлілігі жағынан басқа мемориалдық-дәстүрлі ескерткіштер ішінде оған тең келетіні жоқ. Айша Бибі кесенесі туристердң ерекше сәулетімен қызықтырады.<br>**Суретпен жұмыс.**<br>Суретке қарап Қазақстан туралы әңгіме құрастыр.<br>**Бірге жаттайық.**<br>Армысың, шапағатты күніміз,<br>Армысың мейірімді жеріміз.<br>Армысың табиғат-анамыз,<br>Келді Сізге өзіңіздің балаңыз.<br>**Бізді қоршаған дүние.**<br>Күн, ауа, жер, су, адам, өсімдіктер, жануарлар-бұл табиғат. Айналандағы | Ауылдардың қойы көп.<br>Ұрлық зорлық кәсібім,<br>Тамақтанар нәсібім.<br>(қасқыр).<br>Халық «қу»-деп,<br>Қылған күлкі.<br>Айласы көп,<br>Бұл ......(Түлкі).<br><br>Қырда жүрер ол жортып,<br>Іні де жоқ бармайтын.<br>Құйрығымен бұлтартып,<br>Қандай аң ол алдайтын.<br>(түлкі).<br><br>Айғайлайды таң атпай,<br>Бұрап қойған сағаттай.<br>(әтеш).<br>**Ертегілер елінде.**<br>«Қасқыр, түлкі және қоян» (ертегіні балаларға мәнерлеп оқып беру).<br>**Сөздік жұмысы:**<br>**Шаһар**-қала.<br>**Мұржа**-пештің, ошақтың түтінін шығаратын мойны, түтіндік.<br>**Күлтеле**-шоқтау, шоғырлау. Түлкінің күлтеленген құйрығы.<br>**Сұрақ-жауап:**<br>-Қандай ертегі тыңдадыңдар?<br>-Ертегі сендерге ұнады ма?<br>-Ертегі кейіпкерлерін атаңдар.<br>-Қасқыр, Түлкі және әтеш не салмақ болды?<br>-Түлкі Қасқыр мен Әтешке қандай тапсырма берді?<br>-Түлкінің өзі не істеді?<br>-Ертегі қалай аяқталды? (балалардың жауаптарын тыңдау).<br>-Балалар, сендерге ертегідегі кейіпкерлердің қайсысы ұнады, қайсысы ұнамады?<br>-Шаһар салу үшін не істеу | жауып, шаңырақ арқылы өткізіп байланады. Киіз есіктің сырты киіз, ортасы ши астары жакғак теріден жасалады.<br>**Киіз үй жабдықтары:** абажа, кебеже, әбдіре, ағаш төсек, асадал, жастықағаш, адалбақан, жүкаяқ, сандық.<br>**Төсеніштер:** алаша, киіз, сырмақ, түскиіз.<br>**Сергіту сәті.**<br>Көтеріліп шаңырақ,<br>Уықтары шаншылар.<br>Керегелер керіліп,<br>Өрімдей боп өрілер.<br>Бәріміз жүрсек айналып,<br>Киіз үй боп көрінер.<br>**Жұмбақтар шешейік.**<br>.Төбедегі көзінен күн сәулесі түседі,<br>Бұрышы жоқ төрінен<br>Самал жел еркін еседі.<br>(киіз үй).<br>.Жетпіс екі найзасы,<br>Біріктіріп тұрады.<br>(шаңырақ).<br>. Қабырғасы тор көз,<br>Төбесінде зор көз.<br>(кереге, шаңырақ).<br>.Тұмсығын тесіп,<br>Жүннен бұйда есіп,<br>Қазыққа байлады.<br>(уық).<br>**Д.О.** «Ойлан тап»<br>**Ойынның мақсаты:** Киіз үйдің сүйектерін білу, ажырату және атай білулері.<br>**Ойын барысы:** Суреттен киіз үйдің сүйектерін тап және оларды ата.<br>**Д.О.** «Не артық?»<br>**Ойынның мақсаты:** | «Нан қайдан келеді?» (ертегіні балаларға оқып беру).<br>-Балалар, мына суреттен нанның қандай түрлерін көріп тұрсыңдар?<br>-Нанды неден пісіреді?<br>-Ұнды қалай жасайды?<br>**Сөздік жұмысын жүргізу.**<br>**Диірмен**-дәнді-дақылдарды тартып, ұнтап, ұн дайындайтын арнайы құралды айтамыз.<br>**Д.О.** «Пазлдарды жина»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың логикалық ойлау қабілеттерін арттыру.<br>**Ойын барысы:** Әртүрлі бөліктерге бөлінген тұрмыстық заттарды құрастыру және атын атап, не үшін пайдаланатыны жөнінде әңгімелеу.<br>**Д.О.** «Не өзгерді?»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың байқағыштығын дамыту.<br>**Ойын барысы:** Тақтаға түрлі суреттер белгілі ретпен орналасқан. Балалар көздерін жұмады. Суреттердің орны ауыстырылады. Көздерін ашқанда қай суреттің орны ауысқанын айтады.<br>**Шығармашылық үзіліс.**<br>**Мүсіндеу.**<br>Қазақ халқының тұрмыстық заттарын мүсіндеуді ұсыну.<br>Көрме ұйымдастыру.<br>**Сергіту сәті.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Құстар бізді қолдайды.<br>**Ертегілер елінде.**<br>«Құстар қалай қыстайды?»<br>(балаларға мәнерлеп оқып беру).<br>**Суретпен жұмыс.**<br>«Құстарға көмек»<br>Тақырыбында әңгіме құрастыру.<br>**Тірек сөздер:**<br>жемшашар, суыққа тоңған құстар, сарышымшықтар, жем салды.<br>-Қандай құстар қыста қыстап қалады екен?<br>-Біздер құстарға қандай қамқорлық жасауымыз керек?<br>**Д.О.** «Қайсысы артық?»<br>**Шарты:** Педагог тақтаға құстардың суретін іледі. Балалар суреттерден қыстап қалатын құстарды атайды, ал қарлығаштың артық екенін айтады.<br>**Д.О.**«Бұл қандай құс?»<br>**Шарты:** Ерекшеліктеріне қарай құстарды сипаттап айтады және оларды ажыратады.<br>**Д.О.**«Кім тапқыр?»<br>**Шарты:** Жұмбақтың жауабын табады.<br>Көктемде құстар қайтқанда,<br>Ең алдымен келетін.<br>Өзіміз күтіп алатын,<br>Ұя жасап беретін,<br>Бұл қандай құс балалар?<br>(қараторғай).<br>Талдың басында,<br>Жемі бар қасында. | табиғат және адам жасаған заттар-бұл сені қоршаған дүние.<br>Күн, ауа, су, тас, тау, құм, саз-бұлардың бәрі табиғаттың **жансыз денелері.** Табиғаттың жансыз денелері қоректенбейді, өспейді, көбеймейді. Табиғатта бізде қажетсіз ешнәрсе жоқ.<br>**Мысалы:** Сусыз өмір болмайды. Суды ішеміз, шомыламыз, жуынамыз, шаруашылықтың барлық түріне пайдаланамыз. Ауаның тыныс алуға керек екенін білеміз. Тас, құм, саз құрлысқа қажетті материалдар. Күн көзінен жарық пен жылу аламыз. Тауда біз демаламыз. Табиғаттың жансыз денелері адамға қаншалықты қажет екенін осыдан көруге болады. Өсімдіктер, жануарлар, адамдар-табиғаттың **жанды денелері.** Олар көбейеді, қоректенеді, өседі және тіршілігін тоқтатады.<br>**Д.О.** «Табиғаттың жансыз денелері»<br>**Ойынның мақсаты:** Табиғаттың жансыз денелерін ажырата білу, білімдерін толықтыру.<br>**Ойын барысы:** Сұрақ-жауап.<br>-Табиғаттың жансыз денелері деген не?<br>-Суды қалай пайдаланамыз?<br>-Күннің қандай пайдасы бар?<br>-Тас, құм, саз не үшін | керек еді?<br>-Балалар, бұл ертегі бізді өтірік айтпауға, әділ, адал болуға үйретті. Бірлік болған жерде кез-келген жұмысты жұмысты аяқтауға болады.<br>**Шығармашылық жұмыс.** «Қала»<br>**Мақсаты:** Геометриялық фигуралардың көмегімен аппликациялық жұмыстар орындау дағдыларын жетілдіру бейнені құрастыруға қажетті геометриялық фигураны таңдай білуге үйрету, ұжымдық жұмысқа үйрету, бірлесіп жұмыс жасауға баулу.<br><br>**4.Шебер қолдар.**<br>**Тақырыбы:** Ұлу.<br>**Сабақтың мазмұны:** Ұлу туралы білімдерін жетілдіру. Балаларды ұлудың әрекетімен таныстыра отырып шыдамдылыққа тәрбиелеу.<br>**Жұмбақты шеш.**<br>.Аяғы, тұлға басы бар,<br>Сыртында сауыт тасы бар.<br>(ұлу).<br>.Иір-иір үйі бар,<br>Іші қапас әрі тар.<br>Құлақ тоссаң<br>Ызыңдаған үні бар.<br>(ұлу).<br>.Тастамайды бір елі,<br>Үйін сүйреп жүреді.<br>(ұлу).<br>**Ұлу-**Жер бетінің ең ежелгі тұрғындарының бірі. Олар 500 жыл миллион жыл бұрын пайда болған. Бұл жануарларға көп тамақ қажет емес және олар кез-келген ортаға бейімделе алады.<br>Зерттеулерге сәйкес ұлулар- | Балалардың логикалық ойлау қабілеттерін арттыру. Арттық затты таба білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Тақтаға киіз үй жабдықтары суреті ілінеді. Балалар суреттен артық затты табады. Не үшін артық екенін дәлелдейді.<br>**Шығармашылық үзіліс:** «Әжемнің сандығы»<br>**Шарты:** Сандықтың суретін салу. Сандықты қазақ халқының ұлттық ою-өрнектерімен сәндеу.<br>**Д.О.** «Ою құрастыр»<br>**Ойынның мақсаты:** Қазақ халқының ұлттық ою-өрнектерін білу және оларды атап, ажырата білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Балалар бірнеше бөліктерден тұратын оюларды құрастырады, атын атайды, ұқсас оюларды топтастырады.<br>**Д.О.** «Тура осындай өрнекті тап»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың логикалық ойлау қабілетерін артыру.<br>**Ойын барысы:** Балларға үлгі суреттер беріледі, балалар үлгідегі оюға ұқсас оюды табады, жапсырады.<br><br>**3.Қазақ тілі.**<br>**Міндеттері:** Тілдік дамытушы орта. Ауыз екі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту. Қазақ халқының тұрмыстық заттары мен киім- | Көтеріліп шаңырақ,<br>Уықтары шаншылар.<br>Керегелер керіліп,<br>Өрімдей боп өрілер.<br>Бәріміз жүрсек айналып,<br>Киіз үй боп көрінер.<br><br>**4.Дене шынықтыру.**<br>**Спорттық жаттығулар.** Сырғанау. Өз бетінше мұзды жолмен сырғанау, жүгіріп келіп сырғанау.<br>**Еркін ойын:** «Шанамен сырғанау»<br>**Ойынның мақсаты:** Бір-бірімен тату, дос болуға тәрбиелеу.<br>**Ойын барысы:** Бір-бірін шанамен сырғанату, төбешіктен бір-бірлеп және екі-екіден шанамен сырғанау.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:** «Шаңғы жарысы»<br>**Ойынның мақсаты:** Дене шынықтыру сабағында алған білімдерін іс жүзінде қолданып, жарыстарға қатыстыруға ынталандыру.<br>**Ойын барысы:** Шанада отырып аяқпен итеру; ішімен жатып қолымен итеру.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:** «Тарту»<br>**Ойынның мақсаты:** Балаларды күшті, епті болуға тәрбиелеу.<br>**Ойын барысы:** Қалың қар үстіне сақина жасау. Әркім қасында тұрған баланы белгі берген |

| | | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|---|
| | Там тұр саялы,<br>Достарға аялы.<br>(құс ұясы).<br>Тал басында ағаш үй,<br>Терезесіз тамаша үй.<br>(ұя)<br>Қос қанатын иіп ап,<br>Жарға келіп қонады.<br>Қара киім киіп ап,<br>Балшықтан үй соғады.<br>(қарлығаш).<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:** «Ұшты-ұшты»<br>**Ойынның мақсаты:** Балаларды аңғарпаздыққа, тапқырлыққа тәрбиелеу.<br>**Ойын барысы:** Ойын бастаушы ұша алатын затты атап, **«ұшты»**-деп қолын көтереді, сонда бәрі тез қолдарын көтеріп **«ұшты-ұшты»**-деп қолдарын көтеріп қалықтап тұрады. Ал ұша алмайтын затты атап **«ұшты»**-деп қолды көтергенде, онда сендер **«ұшпайсындар».** Ал егер ұша алмайтын затты атағанда «ұшып кеткен» ойнаушы айып тартады.<br><br>**4.Дене шынықтыру. Негізгі қимылдар.**<br>Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру: сапқа бір, екі, үш қатармен тұру, бір-бірінің жанына және бір-бірінің артынан сапқа тұру, орнында айналу, оңға, солға бұрылу, сап түзеп, бір және екі үш қатармен қайта тұру.<br>**Қимыл-қозғалыс** | қажет?<br>-Сен үйіңнің, мектептің маңайынан қандай табиғаттың жансыз денелерін көрдің?<br>**Д.О.** «Табиғаттың жанды денелері»<br>**Ойынның мақсаты:** Табиғаттың жанды денелерін ажырата білу, білімдерін толықтыру.<br>**Ойын барысы:** Сұрақ-жауап.<br>-Адам қай табиғи денеге жатады?<br>-Өз үйіңнің маңынан табиғаттың қандай жанды және жансыз денелерін кездестіресің?<br>-Табиғаттың жанды және жансыз денелерінің бір-бірінен айырмашылығы қандай?<br>-Табиғаттың жансыз денелерінің пайдасы туралы айт.<br>-Адам қолымен жасалған заттардың қандай пайдасы бар?<br>**Д.О.** «Өсімдіктерді жина»<br>**Шарты:** Шалғын бейнеленген үлкен сурет. (шөп, өсімдіктері жоқ). және түрлі өсімдіктер.<br>Педагог:<br>-Балалар, мына шалғында бір кездері түрлі өсімдіктер мен гүлдер өсіп тұратын. Бірде қатты дауыл тұрды. Дауылдан кейін шалғында түк қалған жоқ, сендерге бұл жер ұнай ма?<br>-Бұл жерді шалғын деп айтуға бола ма?<br>-Оны қалай әдемі қылып | соқыр және саңырау. Олар тек жарық пен қараңғыны ғана ажырата алады. ұлулар орташа есеппен 15 жыл өмір сүреді. Суда да, құрлықта да тіршілік етеді. Ұлу-планетадағы ең баяу жаратылыстардың бірі. Олар құрт-құмырсқалармен қоректенеді.<br>**Шығармашылық үзіліс.**<br>Балаларды екі топқа бөлу.<br>1-топ ұлуды ермексаздан мүсіндеуді ұсыну.<br>2-топ ұлудың суретін салу.<br><br>**5.Дене шынықтыру. Жалпы дамытушы жаттығулар.**<br>Аяққа арналған жаттығулар: аяқтың ұшына көтерілу, қолды алға созып жартылай отырып тұру, (2-3) рет, қолды тізеге қойып отырып-тұру, аяқтың ұшымен ұсақ заттарды жылжыту.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:** «Көкқұтан»<br>**Шарты:** Бір-бірінен бір адым қашықтықта құрсаулар жерде жатады. Бір аяқпен секіргенде тепе-теңдікті сақтауға назар аудару. Ойыншылар бір қоршаудан екіншіге бір аяқтап секіріп жүріп өтеді. Педагог белгі бергенде олар келген жерінде **«қатып қалады»** тепе-теңдік сақтап, ұзақ тұрған балалар жеңіске жетеді.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:** «Бос орын»<br>**Ойын барысы:** Әр түрлі бағытта бір-бірімен жарыса отырып жүгіру. (біреуі-оңға, біреуі-солға). Ортаны тез айналып, бос орынға келіп | кешегімен, азық-түлік өндірудегі тұрмыстық кәсібімен, тұрмыста, аң аулауда, мал өсіруде және егіншілікке қажетті құрал-жабдықтары, туған өлкенің көрнекті жерлері, әсем табиғаты, тарихи орындары туралы суреттер, фотолар, альбомдармен жабдықталған орта құру.<br>**Жұмбақ жасыру.**<br>Кесе-шыны, пиала,<br>Оларсыз шәй құя ма?<br>Қасықсыз тамақ жемейді,<br>Бәрінің атын не дейді?<br>(ыдыстар).<br>**Суретпен жұмыс.**<br>Балаларға сурет арқылы қазақ халқының тұрмыстық заттарының бірі ұлттық ыдыстарымен таныстыру.<br>-Балалар, бәріміз суреттегі ыдыстарға назар аударайық. Ертеде адамдар топырақты, сазды пайдаланып кесе, құмыра жасаған. Содан кейін ағашты өңдеп, өрнектеп тостаған, қасық, тегене, шөген, аққұман жасаған. Олар әртүрлі ағаштан жасалғандықтан денсаулыққа ешқандай зияны жоқ екен. Теріден торсық сияқты тұрмыста қолданатын ыдыстар жасаған. Осы ыдыстарды күнделікті өмірде қолданған.<br>**Астау**-ет салатын, көлемі табақтан үлкен, ұзынша ағаш ыдыс.<br>**Ожау**-сұйық құятын сапты ыдыс.<br>**Тостаған**-ағаш аяқтың | кезде өзіне тартып қалады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **ойыны:** «Қояндар мен қасқыр»<br>**Ойынның мақсаты:** Шапшаңдыққа, тез жүгіруге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Бір бала қасқыр болады. Ал қалған балалар қояндар болады. Қояндар өз үйлерінде тығылып жатады. Ал қасқыр өз апанында жатады.<br>Педагог:<br>-Секеңдеңдер қояндар,<br>-Жүгіріңдер, жортыңдр!<br>Дегенде қояндар үйлерінен шығып секеңдеп ойнайды. Осы кезде қасқыр апанынан шығып, қояндарды қуа жөнеледі. Ұстап алған қоянды қасқыр апанына апарады. Осылай 3-4 қоянды ұстағаннан кейін ойынды басқа бала жалғастырады. Ойын 2-3 рет ойналады. | көрсетуге болады? Шалғынға жан бітірейік гүлдер өсірейік және көбелектер, аралар, түрлі жәндіктер ұшып келетін болады. Балаларға түрлі өсімдіктер жинағы беріледі ұсынылады. Жұмыс соңында шалғынның әдемі көрінісі пайда болады. Ол жерге жәндіктерді орналастырады.<br><br>**3.Қазақ тілі.**<br>**Міндеттері:** Тілдік дамытушы орта. Ауыз екі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту. Қазақ халқының тұрмыстық заттары мен киім-кешегімен, азық-түлік өндірудегі тұрмыстық кәсібімен, тұрмыста, аң аулауда, мал өсіруде және егіншілікке қажетті құрал-жабдықтары, туған өлкенің көрнекті жерлері, әсем табиғаты, тарихи орындары туралы суреттер, фотолар, альбомдармен жабдықталған орта құру.<br>**Суретпен жұмыс.**<br>**Шарты:** Суреттен балаларға қазақ халқының тұрмыстық заттары мен киім-кешегімен, азық-түлік өндірудегі тұрмыстық кәсібімен, тұрмыста, аң аулауда, мал өсіруде және егіншілікке қажетті құрал-жабдықтары, туған өлкенің көрнекті жерлері, әсем табиғаты, тарихи орындары туралы түсінік беру, таныстыру. | тұра қалу. Тез жүгіруге баулу. Ойын талаптарын орындауға үйрету. | шағын түрі.<br>**Тегене**-ағаштан жасалған шұңғыл, тік жиек ыдыс.<br>**Торсық**-қымыз, шұбат, құюға арналған ежелгі ыдыс.<br>**Қазан**-шойыннан жасалған, тамақ пісіруге арналған, төрт құлағы бар ыдыс. Бетінде жабық қақпағы болады.<br>**Мес**-қымыз, шұбат, айран және т.б. сусын құюға және сақтауға арналған теріден жасалған ыдыс. Ол ешкі терісінен жасалады.<br>**Күбі**-қымызды саумалдай құйып, пісу арқылы ашытып, тұшытатын ыдыс.<br>**Келі**-тарыны ақтауға, ұнтақтауға арналған құрал.<br>**Д.О.** «Пазлдарды жина»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың логикалық ойлау қабілеттерін арттыру.<br>**Ойын барысы:** Балалар әртүрлі бөліктерге бөлінген тұрмыстық заттарды құрастырады және атын атап, не үшін пайдаланатыны жөнінде әңгімелейді.<br>**Д.О.** «Не артық?»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың логикалық ойлау қабілеттерін арттыру. Арттық затты таба білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Тақтаға қазақ халқының тұрмыстық заттарының бірі ұлттық ыдыстардың суреті ілінеді. Балалар суреттен артық затты табады. Не үшін артық екенін дәлелдейді. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **Д.О.** «Құрал-саймандарды ата»<br>**Ойынның мақсаты:** Қазақ халқының тұрмыстық заттары, шаруашылыққа қажетті құрал-саймандардың атын білу, олардың қолданылуы мен пайдасын түсіну. Балаларды еңбекқорлыққа тәрбиелеу.<br>**Ойын барысы:** Балалар суреттегі құрал-саймандардың атын атап, не үшін қажет екенін әңгімелейді.<br>**Д.О.** «Қазақтың ұлттық киімдері»<br>**Ойынның мақсаты:** Қазақтың ұлттық киімдерін атау және ажырата білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Хатқалтаға салынған үлгілер балаларға беріледі. Балалар, ер баланың және қыз баланың киімдерін атап, оларды қашан, қайда киюге болатынын айтады. Сол сөздерге қатыстырып сөйлем құрайды. Қыз бала мен ер баланың киімдерін жеке-жеке топтастырады.<br>**Д.О.** «Сыңарын тап»<br>**Ойынның мақсаты:** Ұлттық киімдер туралы білімдерін толықтыру және оларды ажыратып атын атай білу.<br>**Ойын барысы:** Балалар хатқалтадан шыққан ұлттық аяқ киімдердің (етік, мәсі, кебіс, сатама) түр-түсіне, ою-өрнегіне байланысты ажыратып, сыңарын табады. | | **Д.О.** «Не өзгерді?»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың байқағыштығын дамыту.<br>**Ойын барысы:** Тақтаға түрлі суреттер белгілі ретпен орналасқан. Балалар көздерін жұмады. Суреттердің орны ауыстырылады. Көздерін ашқанда қай суреттің орны ауысқанын айтады.<br><br>**4.Музыка.**<br>**Міндеттері:**<br>**Музыка тыңдау.** Қазақ халқының әндері мен би әуендерінің үздік үлгілерін тыңдауға баулу.<br>**Ән айту.** Ән айтуда дауыспен вокалдық-есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру. Ән айту дағдыларын қалыптастыру. Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз жеке ән айту дағдыларын дамыту. Әнді музыкалық талғаммен орындауға жаттықтыру.<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып жаттығуларды орындауға үйрету: марш сипатын анық ырғақты жүрумен, музыканың қимыл сипатын жеңіл және ырғақпен жүгіру жүрелеп отыру арқылы бере білу. Би қимылдарын қосалқы және ауыспалы қадам жасауды, әртүрлі бағытта жүгіруді және секіруді | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | **4.Музыка.**<br>**Міндеттері:**<br>**Музыка тыңдау.** Қазақ халқының әндері мен би әуендерінің үздік үлгілерін тыңдауға баулу.<br>**Ән айту.** Ән айтуда дауыспен вокалдық-есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру. Ән айту дағдыларын қалыптастыру. Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз жеке ән айту дағдыларын дамыту. Әнді музыкалық талғаммен орындауға жаттықтыру.<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып жаттығуларды орындауға үйрету: марш сипатын анық ырғақты жүрумен, музыканың қимыл сипатын жеңіл және ырғақпен жүгіру жүрелеп отыру арқылы бере білу. Би қимылдарын қосалқы және ауыспалы қадам жасауды, әртүрлі бағытта жүгіруді және секіруді меңгерту.<br>**Музыка тыңдау:** «Тәй-тәй»<br>Ө.Байділдаев.<br>-Музыка қалай орындалады?<br>-Музыканы тыңдағанда қандай оқиғаны елестеттіңдер?<br>-Музыка сендерге ұнады ма?<br>**Ән айту:** «Тұсау кесу | | меңгерту.<br>**Музыка тыңдау:** «Тәй-тәй» Ө.Байділдаев.<br>-Музыка қалай орындалады?<br>-Музыканы тыңдағанда қандай оқиғаны елестеттіңдер?<br>-Музыка сендерге ұнады ма?<br>**Ән айту:** «Тұсау кесу жыры» Халық әні.<br>-«Тұсау кесу рәсімі» дегенді қалай түсінесіңдер?<br>-Ол рәсім не үшін жасалады?<br>Тұсау кесу рәсімін кім жасайды?<br>-Тұсау кесу рәсімін жасау үшін не қажет?<br>-Тұсау кесу рәсімін жасаған соң қандай ән орындалады?<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** «Балдырғандар биі»<br>**Д.О.** «Қатты және ақырын музыка»<br>**Ойынның мақсаты:** Музыканы дыбысқа қарай ажырата білуге, балалардың есту қабілетін дамытуға дағдыландыру.<br>**Ойын барысы:** Түрлі музыкалық шығармаларды үнтаспадан тыңдап, қай музыка қатты, қай музыка жай екенін айту. | |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | жыры» Халық әні.<br>-«Тұсау кесу рәсімі» дегенді қалай түсінесіңдер?<br>-Ол рәсім не үшін жасалады?<br>Тұсау кесу рәсімін кім жасайды?<br>-Тұсау кесу рәсімін жасау үшін не қажет?<br>-Тұсау кесу рәсімін жасаған соң қандай ән орындалады?<br>**Сюжеттік-рөлдік ойын:** «Тұсау кесу»<br>-Тұсау кесу рәсімін сахналау. Рәсімді әже болып педагогтің өзі орындайды. Балалар қуыршақты жетелейді.<br>Қаз-қаз бала, қаз балам,<br>Қадам бассаң мәз болам.<br>Күрмеуіңді шешейік,<br>Тұсауыңды кесейік.<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** «Балдырғандар биі»<br>**Д.О.** «Қатты және ақырын музыка»<br>**Ойынның мақсаты:** Музыканы дыбысқа қарай ажырата білуге, балалардың есту қабілетін дамытуға дағдыландыру.<br>**Ойын барысы:** Түрлі музыкалық шығармаларды үнтаспадан тыңдап, қай музыка қатты, қай музыка жай екенін айту. | | | |
| **Серуенге дайындық** | Серуендеуге деген қызығушылықты арттыру. Киіну: жүйелік серуендеуге шығу, ережелерді сақтау, балалармен жеке әңгімелер жүргізу. | | | | |
| **Серуендеу** | №2 Қар басуын бақылау. | №17. Қардағы іздерді бақылау. | №18 Аула тазалаушының еңбегін бақылау. | №25 Көшені бақылау. | №10.Бұрқасынды бақылау. |
| **Балалармен жеке жұмыс.** | **1.Сауат ашу негіздері. Қолға қалам аламыз, Әдемі етіп жазамыз.** | **1.Қазақ тілі.** Қазақ тіліне тән ә,ө,қ,ү,ұ,і,ғ,ң дыбыстарын | **1.Дене шынықтыру.** Спорттық ойындар мен жаттығуларда белсенділік | **1.Математика.** Заттарды санау, түсі, өлшемі, пішіні бойынша | **1.Сауат ашу негіздері.** Сөздерге дыбыстық талдау жасауды, сөздегі |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | (қолын жазуға жаттықтыру). Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең, қысқа және ұзын сызықтарды, олардың арасындағы арақашықтықты сақтап, алдымен үлгі бойынша және кейіннен өз бетінше жазуға мүмкімдік беру. | және осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айта білуге үйрету. | таныта білуге баулу. | топтастыруға үйрету. | дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз дыбыстарды анықтауды меңгерту. |
| **Балалардың үйге қайтуы.** | «Мектеп жасына дейінгі балалардың қолын жазуға дайындау» Ата-аналарға кеңес беру. | Ата-аналармен әңгімелесу: Балалармен бірге кітаптар қарау, ертегі кітаптар оқуға кеңес беру. | Ата-аналармен әңгімелесу: «Балалармен бірге ойнаңыздар» | «Үйдегі математикалық ойындар» тақырыбында әңгімелесу. | Ата-анамен сөйлесу. Демалыс күндерін жақсы өткізуін айту. |

Бекітемін:

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы.**

**Білім беру ұйымының атауы:** Т.Г.Шевченко атындағы жалпы білім беретін мектебі.

**Мектепалды** «0» А сыныбы.

**Балалардың жастары:** 5 жас.

**Жоспарлау күні:** 19.02.-23.02. 2023-2024 оқу жылы.

| Күн тәртібі | Дүйсені | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін қолайлы жағдай жасау. Балалардың бүгінгі көңіл-күйі туралы әңгімелеу және оны не қызықтырады, баланың жеке пікірін білдіруге қатыстыру. | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңесу, әңгімелесу** | Ата-аналармен баланың денсаулығы, үй режимі, тәрбиелеу, дамыту және оның жетістіктері туралы әңгімелер, кеңестер. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу, қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар).** | **Сурет салу.**<br>«Қоржынды безендірейік»<br>**Мақсаты:** Балаларды дайын бұйымдарға қазақтың ұлттық ою-өрнектерін салуды үйрету. қоржынды ою-өрнектермен сәндеп безендіру. | **Д.О.** «Кітап-біздің досымыз»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың кітапқа деген қызығушылығын арттыру.<br>**Ойын барысы:** Балалар кітап бұрышындағы кітаптарды қарайды, танысады, ондағы таныс ертегілер мен әңгімелерді айтады. | Қыс туралы тақпақтар жаттау.<br><br>Қыс келді, қыс мықты анық,<br>Қайтсе де біз ықпадық.<br>Қыс келді, қыс уайым ба,<br>Қандық біздер ойынға! | **Д.О.** «Не өзгерді?»<br>**Ойынның мақсаты:** Балаларды аңғарымпаздыққа баулу.<br>**Ойын барысы:** Үстелдердің әрқайсысында бірнеше зат жатыр. Педагог балаларды заттардың бір-біріне қатысты орналасуын сипаттайтын сөздерді пайдалануға ынталандырады. Мысалы: қоян мысықтың оң жағында тұрды, ал қазір оның сол жағында тұр. т.б. | **Жұмбақтар шешейік.**<br>Педагог балалардан құстар жайында қандай жұмбақтар білетінін сұрап, жасырылған жұмбақты бірге шешеді. Балаларға құстар туралы жұмбақтар жасыру. |
| **Ертеңгілік жаттығу** | **Ақпан айының 3-аптасына арналған жаттығу кешені. Мақсаты.** Балалардың жалпы даму жаттығуларын жасау арқылы балаларды шапшаңдыққа, дене бітімін дұрыс қалыптасуына үйрету.<br>Салауатты өмір салтын сақтаймыз,<br>Жаттығудан ешқашан да қашпаймыз. | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетіне дайындық** | **Шаттық шеңбері.**<br>Арайлап таң атты,<br>Алтын сәуле таратты.<br>Жадырайды жүздерің,<br>Жарқырайды тобымыз,<br>Қайырлы таң балалар! | **Шаттық шеңбері.**<br>Достар бері келіңдер,<br>Қолдарыңды беріңдер.<br>Шаттық толы шеңберге,<br>Қуанышпен еніңдер! | **Шаттық шеңбері.**<br>Жылулық шеңберін ұйымдастыру. Қоларындғы әдемі жүрек ойыншықты бір-біріне беріп тұрып, жақсы тілектерін айту. | **Шаттық шеңбері**<br>Қуанамын мен де,<br>Қуанасың сен де.<br>Қуанайық достарым,<br>Арайлап атқан күнге. | **Шаттық шеңбері.**<br>Топ-топ етіп басайық,<br>Жалаудан күн жасайық.<br>Жаса-жаса жарқын күн,<br>Жаса-жаса алтын күн! |
| **Кестеге сәйкес ұйымдастырылған іс-әрекет.** | **1.Сауат ашу негіздері.**<br>**Міндеттері:** Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты | **1.Сөйлеуді дамыту.**<br>**Міндеттері:** Сөздік қор. Қазақ халқының салт-дәстүрлерімен таныстыруды | **1.Сауат ашу негіздері.**<br>Сөйлем туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. (грамматикалық, | **1.Сөйлеуді дамыту.**<br>**Міндеттері:** Сөздік қор. Қазақ халқының салт-дәстүрлерімен | **1.Сауат ашу негіздері.**<br>**Міндеттері:** Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең, қысқа және |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | және дауыссыз дыбыстарды анықтау.<br>**№2 жұмыс дәптері.**<br>**1.**Дыбыстық талдау жаса.<br>**2.**Суреттерді штрихта.<br>**3.**Үзік сызықтарды бастыр, жалғастырып жаз.<br>**Сергіту сәтін өткізу.**<br><br>**2.Математика.**<br>Жиын. Жиынды сапасы бойынша әртүрлі элементтерден (түсі, өлшемі, пішіні, дыбысы, қимылы, қолданылуы бойынша заттардан) құру, жиындарды бөліктерге бөлу және қайта біріктіру, бүтін жиын мен оның әр бөлігі арасында байланыс орнату, жиынның бөліктен үлкен екенін, бөліктің жиыннан кіші екенін жиынның бөліктерін санау және элементтердің (заттардың) бір-біріне қатынасы негізінде салыстыру.<br>**Сұрақтар мен тапсырмалар.**<br>.Заттар жиыны. Әр карточкада не бейнеленгенін ата. Әр жиында неше элемент барын сана.<br>.Дөңгелектерді қандай бөліктерге бөлуге болады? Бөліктерді ата.<br>(бүтін, жарты, ширек).<br>.Дөңгелектерді тауып, оларды сызықпен тең бөлікке бөл.<br>.Шаршыны тауып, оны сызықпен тең 4 бөлікке бөл.<br>**Д.О.** «Суретті құрастыр»<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Бөліктерден сурет құрастыра білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Балалар | жалғастыру, «Асар», «Сүйінші сұрау» дәстүрлерінің мәнін түсіндіру, балаларды бір-біріне көмек қолын созуға, бірлесіп, келісіп ойнауға, тапсырманы орындауға, бір-бірінің қуанышына ортақтаса білуге, бір-біріне қамқор болуға баулу.<br>**Шаттық шеңбері.**<br>Атым-қазақ, текті батыр ұланбыз,<br>Қадірлейміз қазағымның мұрасын.<br>Әдептілік-сұлулық пен теңдесіз,<br>Дәріптейміз ата дәстүр бұлағын.<br>**Суретпен жұмыс.**<br>Салт-дәстүрім мақтанышым.<br>**Мақсаты:** Салт-дәстүрімізді дәріптей отырып, балаларды адалдыққа, ұлтжандылыққа, мейірімділікке тәрбиелеу.<br>**Суретпен жұмыс.**<br>-Суретте не бейнеленген?<br>-Суреттен қазақ халқының қандай салт-дәстүрлерін көріп тұрсыңдар?<br>-Өзің білетін салт-дәстүрлерді ата.<br>**Суретпен жұмыс.**<br>**Ашамайға мінгізу**-қазақ халқының тағы бір салт-дәстүрінің бірі. Бес-алты жастағы балаға ат сыйлап, қолына қамшы беріп, ерге отырғызады. Бала бойында **«жігіт болдым»** деген жауапкершілік пен мақтаныш сезімі пайда болады. Одан кейін атасы | анықтамасыз), сөйлем сөздерден тұратынын түсіну. Сөйлемді ауызша талдау: жай сөйлемдерді сөздерге бөлу, сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау, берілген сөзге сөйлем құрастыру.<br>**№2 жұмыс дәптері.**<br>Сөйлем құрау.<br>**1.**Суреттерді қара. Әр сурет бойынша сөйлем құра.<br>**2.**Суреттерді штрихта.<br>**3.**Үзік сызықтарды бастыр, жалғастырып жаз.<br>**Сергіту сәтін өткізу.**<br>**Д.О.** «Суреттер сөйлейді»<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Балалардың тіл байлығын арттыру, сөздік қорын молайту.<br>**Ойын барысы:** Балаларға бірнеше әртүрлі суреттер таратылып беріледі. Балалар берілген сурет бойынша оған **дейінгі** және одан **кейінгі** оқиғаны ойлап табады.<br><br>**2.Математика.**<br>Жиын. Жиынды сапасы бойынша әртүрлі элементтерден (түсі, өлшемі, пішіні, дыбысы, қимылы, қолданылуы бойынша заттардан) құру, жиындарды бөліктерге бөлу және қайта біріктіру, бүтін жиын мен оның әр бөлігі арасында байланыс орнату, жиынның бөліктен үлкен екенін, бөліктің жиыннан кіші екенін, жиынның бөліктерін санау | таныстыруды жалғастыру, «Асар», «Сүйінші сұрау» дәстүрлерінің мәнін түсіндіру, балаларды бір-біріне көмек қолын созуға, бірлесіп, келісіп ойнауға, тапсырманы орындауға, бір-бірінің қуанышына ортақтаса білуге, бір-біріне қамқор болуға баулу.<br>**Ой қозғау:**<br>-**«Ашамайға мінгізу»**-деген қандай салт-дәстүр?<br>-Неше жастағы балаға ат сыйлап, қолына қамшы беріп, ерге отырғызады?<br>-Сендер атқа мініп көрдіңдер ме?<br>-Атқа мінген ұнайды ма?<br>**Д.О.** «Үй жануарлары мен төлдері»<br>**Ойынның мақсаты:** Үй жануарлары туралы білімдерін толықтыру. Үй жануарларына қамқор бола білуге тәрбиелеу.<br>**Ойын барысы:** Балаларға үй жануарларының суреттері таратылып беріледі олардың қалай аталатынын, қалай дыбыстайтынын, қалай күтуге болатынын айтқызу.<br><br>**2.Қоршаған орта.**<br>**Міндеттері:** Табиғатпен таныстыру. Тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту. «Өлі табиғат» ұғымымен таныстыру. (су, ауа, мұз сүңгілері, күн, бұлт, қар, тастар, жел, жаңбыр). Өлі табиғат заттарын адамның қолымен жасалған | ұзын, толқынды ирек сызықтарды, нүктелерді, тамшы тәрізді пішіндерді олардың арасындағы арақашықтықты сақтап, алдымен үлгі бойынша және кейіннен өз бетінше жазуға мүмкіндік беру.<br>**«Кел жазайық»**<br>Көмектесе жүріп жазу жұмысын орындату.<br>**Д.О.** «Көңілді сызбалар әлеміне саяхат»<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең сызықтарды сала білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Берілген сызбаларды, штрихтарды, жиектерді, ұзын, қысқа тік таяқшалармен әр түрлі өрнектер салады.<br>**Қолға қалам аламыз, әдемі етіп жазамыз!**<br>**Шарты:** Үзік сызықтарды үстінен бастырып жазу. Балалардың қолдарын жазуға жаттықтыру.<br><br>**1.Математика.**<br>**Міндеттері:** Сан және санау. Теңдік туралы түсінік қалыптастыру. Әртүрлі заттардан тұратын топтардың санын анықтау. Топтарды санау және салыстыру негізінде сандық мәндерді дұрыс жалпылау.<br>**Д.О.** «Аңдарды коректендір» |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | бірнеше бөлікке бөлінген суреттерді құрастырады. Қандай сурет пайда болды?<br><br>**3.Көркем әдебиет.**<br>**Міндеттері:** Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауына ықпал ету, олардың мазмұнын түсіну, себеп-салдарлық байланыстарды, жанрларды (ертегі, әңгіме, өлең) ажырату, тілдің көркемдігін сезіну (эпитеттер, сипаттамалар, образды сөздер), шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекетін бағалау. Шығарма мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырп, эмоциямен қисынды қайталап айтып беру, диологтік сөйлеуді дамыту, кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіру. Әдеби кейіпкерлердің белгілі бір әрекетін өзінің қалай қабылдағаны туралы айту, кейіпкерлердің жасырын әрекетін түсіну.<br>**Шаттық шеңберін құру.**<br>-Балалар, далада күн суытқанымен біздің жүрегіміз жылы, мейірімге толы. Қане балалар бәріміз бір-бірімізге жылы сөздерімізді айтайық.<br>**Жұмбақтарды шеш.**<br>**Аңдар туралы.**<br>.Тәтті көрсе бас салар,<br>Айнымайды баладан.<br>(аю).<br>.Қаңғырамын үйім жоқ,<br>Ауылдардың қойы көп.<br>Ұрлық-зорлық кәсібім,<br>Тамақтанар нәсібім.<br>(қасқыр). | немересіне бата беріп, ал әжесі шашу шашады. Үлкендер қуанышқа арнап той жасап, бәйге ұйымдастырады.<br>**Жұмбақты шеш.**<br>Мінсең-желдей жүйіткейді,<br>Көңілің таудай өседі.<br>Алып ұшар алысқа,<br>«Ер қанаты» деседі.<br>(жылқы).<br>**Бірге жаттайық.**<br>**Құлыншақ.**<br>Құлдыр-құлдыр құлыншақ,<br>Жібек жалды құлыншақ.<br>Жүйріктігі құйындай,<br>Құлыншаққа мін де шап.<br><br>**2.Қоршаған орта.**<br>**Міндеттері:** Адамгершілік және патриоттық тәрбие. Қазақ халқының салт-дәстүрлерін білу және құрметтеу, қазақ халқының құндылықтарына құрмет таныту.<br>**Музыка тыңдау:** «Бесік жыры»<br>С.Ақжігітов.<br>-Бесікке кімді жатқызады?<br>-Бесік жырын кім орындайды?<br>-Ән қалай орындалады?<br>-Ән сендерге ұнады ма?<br>**Суретпен жұмыс.**<br>**Бесікке салу**-кішкентай сәбиді алғаш бесікке бөлеу рәсімі. Бесікке саларға шақырылған әже-апалар шашуын, жол-жоралғысын ала келеді. Сәбиді алғашқы бесікке бөлеуді үлгілі ұрпақ өсірген қадірменді анаға тапсырылады. Ол өзінен басқа тағы бір-екі | және элементтердің (заттардың) бір-біріне қатынасы негізінде салыстыру.<br>**Д.О.** «Тәтті тоқаш»<br>**Ойынның мақсаты:** Затты тең бөле білуге үйрету. Балаларды ұйымшылдыққа тәрбиелеу.<br>**Ойын барысы:** Бірнеше тәтті тоқаштарды теңдей қылып қонжықтарға бөліп беру.<br>**Д.О.** «Суретті құрастыр»<br>**Ойынның мақсаты:** Бөліктерден сурет құрастыра білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:**<br>Бөліктерден шаршы жина. Қандай сурет пайда болды?<br>**Д.О.** «Кім бірінші атайды?»<br>**Ойынның мақсаты:** Заттарды санау, жылдам ойлау дағдыларын дамыту.<br>**Ойын барысы:** Педагог балаларға бірнеше суреттер көрсетеді. Балалар суреттегі заттарды санайды, заттардың санын, түсін, пішінін айтады.<br><br>**3.Көркем әдебиет.**<br>**Міндеттері:** Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауына ықпал ету, олардың мазмұнын түсіну, себеп-салдарлық байланыстарды, жанрларды (ертегі, әңгіме, өлең) ажырату, тілдің көркемдігін сезіну (эпитеттер, сипаттамалар, образды сөздер), шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекетін | заттардан ажырата білу.<br>**Ұйымдастыру кезеңі.**<br>-Таңертең тұрғанда нені көресіңдер? (Күнді)<br>-Күнді көргенде қалай қуанасыңдар? (Алақай!)<br>-Күн бізге не шашады? (Жылуын шашады).<br>-Қане, алақанымызды жылытайық,<br>-Қолымызды Күнге созайық.<br>**Бірге жаттаймыз.**<br>«Табиғатқа құштармын»<br>Армысың, шапағатты күніміз,<br>Армысың мейірімді жеріміз.<br>Армысың табиғат-анамыз,<br>Келді Сізге өзіңіздің балаңыз.<br>**Бізді қоршаған дүние.**<br>Айналаңа қара. Сынып ішінен нені көріп отырсың? Аттарын ата. Бұлар не? Бұлардың бәрі-заттар. Оларды адам жасаған. Енді терезеден сыртқа қара, не көріп тұрғаныңды айт. Сендер аспанды, ағаштарды, құстарды т.б. көресіңдер. Бұлар-табиғат денелері. Күн, ауа, жер, су, адам, өсімдіктер, жануарлар-бұл табиғат. Айналаңдағы табиғат және адам жасаған заттар-бұл сені қоршаған дүние.<br>**Табиғаттың жансыз денелері:** Күн, ауа, су, тас, тау, құм.Табиғаттың жансыз денелері қоректенбейді, өспейді, көбеймейді.<br>**Табиғаттың жанды** | **Ойынның мақсаты:** Заттарды санау, санын анықтай білуге үйрету.<br>**Ойынның барысы:** Тақтаға аңдардың суреті ілінеді.<br>Педагог:<br>-Амина, сен қалай ойлайсың сәбізді қай аңға береміз? Апарып бер.<br>-Қоянға неше сәбіз бердің?<br>-Тиін нені жақсы көреді?<br>-Кірпіге неше саңырауқұлақ бересің?<br>-Бананды қай аңға береміз?<br>Басқа аңдармен де осылай жұмыс жүргізіледі.<br>**Саусақтар әні.** (үнтаспа)<br>Ал санайық, санайық,<br>Қане, қане санайық.<br>Санын біліп алайық:<br>Біреу, екеу, үшеу,<br>Төртеу, бесеу,<br>Қолымда сонда саусағым бесеу.<br>Оң қолымда бес саусақ,<br>Сол қолымда бес саусақ.<br>Бесті беске қосқанда,<br>Болып шықты он саусақ.<br>**Д.О.** «Шатасқан сандар»<br>**Ойынның мақсаты:** Сандар қатарындағы сандардың орны жайлы білімдерін нығайту.<br>**Ойынның мақсаты:** Балалар көздерін жұмады. Педагог сандардың орнын ауыстырады. Балалар көздерін ашып, сандар қатарындағы өзгерісті |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | .Құйрығы он қарыс,<br>Бұл айбатты .....<br>(жолбарыс).<br><br>.Тауда жүрген тарғыл аң,<br>Ол қайратты ......(қабылан).<br><br>.Айбат шегер алыстан,<br>Аң патшасы ........(Арыстан).<br><br>.Қырда жүрер ол жортып,<br>Іні де жоқ бармайтын.<br>Құйрығымен бұлтартып,<br>Қандай аң ол алдайтын.<br>(түлкі).<br>.Қалқиып қос құлағы,<br>Елеңдеп қорқып тұрады.<br>(қоян).<br>.Қорықпайды күшті аңнан,<br>Қорқады тек тышқаннан.<br>(піл).<br>.Ағаштан ағашқа секірген,<br>Кішкентай ғана шапшаң ін.<br>(тиін).<br>.Халық «қу» деп,<br>Қылған күлкі.<br>Айласы көп,<br>Бұл ......(Түлкі).<br><br>-Балалар, аңдарды қыстың қатты суық аязынан не қорғайды?<br>(жылы үлпілдеген жүні, індері, апандары).<br>Балаларға аңдардың суреттерін көрсете отырып:<br>-Қыста қоян мен тиіннің жүнінің түсі қалай өзгереді?<br>-Қыста аңдар немен қоректенеді?<br>-Қысқа азық қорын дайындайтын аңдарды ата.<br>-Жануарлар тіршілігі үшін қыста не қажет?<br>-Қасқыр, қоян, түлкі неге | әже апалардың көмегімен бесікті жабдықтайды, сәбидің әжесі немесе анасы түбектің тесігінен балаларға тәтті үлестіреді. Осыдан кейін бесікті отпен аластап, сәбиді бесікке бөлейді. Сәбиді бесікке салған аналарға көйлек, жаулық сияқты сый таратылады. Үлкендер батасын беріп, сәбидің ер жетуіне, ананың үбірлі-шүбірлі болуына тілектестік білдіреді және бесік жыры айтылады.<br>**Бірге айтайық.**<br>Әлди-әлди ақ бөпем,<br>Ақ бесікке жат бөпем.<br>Жылама бөпем, жылама,<br>Жілік шағып берейін.<br>Байқұтанның құйрығын,<br>Жіпке тағып берейін.<br>**Сюжеттік-рөлді ойын:**<br>«Бесікке бөлеу»<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Қазақтың ұлттық рәсімдері туралы білімдерін толықтыру.<br>**Ойын барысы:** Бесікке бөлеу рәсімін сахналау. Рәсімді ана болып педагог орындайды. Балалар қуыршақты тербетеді.<br>Әлди-әлди ақ бөпем,<br>Ақ бесікке жат бөпем.<br>Жылама бөпем, жылама,<br>Жілік шағып берейін.<br>Байқұтанның құйрығын,<br>Жіпке тағып берейін.<br><br>**3.Қазақ тілі.**<br>**Міндеттері:** Тілдік дамытушы орта. Ауыз екі сөйлеуді қарым-қатынас | бағалау. Шығарма мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырп, эмоциямен қисынды қайталап айтып беру, диологтік сөйлеуді дамыту, кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіру. Әдеби кейіпкерлердің белгілі бір әрекетін өзінің қалай қабылдағаны туралы айту, кейіпкерлердің жасырын әрекетін түсіну.<br>**Шаттық шеңбері.**<br>Балалар шаттық шеңберінде тұрады.<br>Балалар анасының өздерін қалай еркелететінін айтады.<br>-Мені анам **«қошақаным»**-деп еркелетеді.<br>-Мені анам **«құлыншағым»**-деп еркелетеді.<br>-Мені анам **«ботақаным»**-деп еркелетеді.<br>-Мені анам **«қоңыр қозым»**-деп еркелетеді.<br>**Ән айту:**<br>«Төлдер»Б.Ғизатов.<br>Үнтаспа.<br>**Ертегілер елінде.**<br>«Төлдер айтысы»<br>-Төлдер бір-бірімен не үшін айтысты?<br>-Лақ не айтты?<br>-Құлын ше?<br>-Бұзау не деді?<br>-Қошақан, бота не деді?<br>-Адам не деп жауап берді?<br>**Сергіту сәті.**<br>Айналайын торпақ,<br>Бола берме қорқақ.<br>Айналайын қозым,<br>Малда жуас бозым. | **денелері:** өсімдіктер, жануарлар, адамдар. Олар көбейеді, қоректенеді, тіршілігін тоқтатады.<br>**Суретпен жұмыс.**<br>«Табиғаттың жанды және жансыз денелері»<br>**Шарты:** Суретке қарап ондағы көріністерді ата.<br>-Табиғаттың жансыз денелері дегеніміз не?<br>-Суды қалай пайдаланамыз?<br>-Күннің қандай пайдасы бар?<br>-Тас, құм, саз не үшін қажет?<br>-Сен үйіңнің, мектептің маңайынан табиғаттың қандай жансыз денелерін көресің?<br>**Д.О.** «Ажырат»<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Жанды және жансыз табиғат туралы білімдерін толықтыру.<br>**Ойын барысы:** Сурет бойынша хатқалтадан шыққан табиғаттың жанды және жансыз денелерін ажыратады.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:**<br>«Жарқын күн»<br>**Шарты:** Балалар шеңбер бойымен айнала алақандарын түйістіріп ұстап отырып бір-біріне күн жылуын береді.<br>**Күн:** «Балалар мен сендерді жақсы көремін! Сендердің көздеріңді, күлкілерің мейірімді, қамқор қолдарыңды жақсы көремін! Мен сендердің терезелеріңнен қарап, | тауып, оны жөндейді.<br>**Шығармашылық үзіліс. Мүсіндеу.**<br>«Көңілді сандар»<br>**Мақсаты:** Балалардың қиялын дамыту, шығармашылық қабілеттерін арттыру.<br>**Барысы:** Балалар қалауынша 1-ден 10-ға дейінгі сандарды ермексаздан мүсіндейді.<br>**Д.О.** «Артық, Кем. Тең»<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Теңдік туралы түсінік қалптастыру. Әртүрлі заттардн тұратын топтардың санын анықтауды меңгерту.<br>**Ойын барысы:** Суреттегі заттарды санайды.<br>Қанша қонжық? Қанша көжек? Қайсысы артық? Қайсысы кем?<br>**Д.О.** «Кім бірінші атайды?»<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Заттарды санау, жылдам ойлау дағдыларын дамыту.<br>**Ойын барысы:** Педагог балаларға сурет көрсетеді. Балалар суреттегі заттарды санайды, пішінін, түсін атайды.<br>**«Саусағыңмен жүргіз»**<br>Цифрлардың үстінен саусағыңмен жүргіз.<br>Көрсетілген сандар қанша болса, шаршыға сонша нүкте сал. 6 7 8 9 10<br><br>**3.Құрастыру.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қысқа азық қорын жинамайды?<br>-Жабайы аңдар суықтан қалай қорғанады?<br>-Тиін жаңғақтарды қайдан алады?<br>-Кірпінің, борсықтың, тиіннің және аюдың қалай қыстайтынын есіңе түсір.<br>**Тыңда.**<br>-Қыста қояндар мен бұғылар қысқа азық даярламайды. Қоян ағаштардың бұталарын кеміріп жеп күн көреді. Бұғы ағаштардың кішкентай бұтақтарын жейді. түлкінің мұрны өте иісшіл, құлағы жақсы естиді. Ол қарды іскелеп, қар астындағы тышқанның дыбысын естіп қояды. Түлкінің қысқы азығы-тышқан. Ал аю қысқа азық жинайды. Денесіне май жинап алып, қыс бойы апанында жатып, табанын сорады.<br>**Бірге жаттайық.**<br>«Ақ аю» Ә.Табылды.<br>**Ертегілер елінде.**<br>«Қоянның үйшігі»<br>Үнтаспа.<br>**Д.О.** «Қандай жануар?»<br>**Ойынның мақсаты:** Жануарлр туралы алған білімдерін толықтыру. Жануарларға қамқор бола білуге тәрбиелеу.<br>**Ойын барысы:** Бір бала хатқалтадан бір жануардың суретін алады. сол жануардың қысқы тіршілігі туралы әңгімелейді.<br>**Д.О.** «Ненің азығы?»<br>**Ойынның мақсаты:** Жануарлр туралы алған | құралы ретінде дамыту. Қазақ халқының тұрмыстық заттары мен киім-кешегімен, азық-түлік өндірудегі тұрмыстық кәсібімен, тұрмыста, аң аулауда, мал өсіруде және егіншілікке қажетті құрал-жабдықтары, туған өлкенің көрнекті жерлері, әсем табиғаты, тарихи орындары туралы суреттер, фотолар, альбомдармен жабдықталған орта құру.<br>**Жұмбақтар шешейік.**<br>.Ұзын мұртты сарылар,<br>Қойнында дәні бар.<br>(бидай).<br>.Дәндері алтын түсті.<br>(жүгері).<br>.Ала жаздай су ішетін дақыл.<br>(күріш).<br>-Балалар, бидайдан не жасалады?<br>-Ұнды қалай жасайды?<br>-Нанды неден пісіреді?<br>-Мына суреттен нанның қандай түрлерін көріп тұрсыңдар? Атап беріңдер.<br>**Суретпен жұмыс.**<br>Балаларға сурет арқылы қазақ халқының азық-түлік өндірудегі тұрмыстық заттарымен таныстыру.<br>**Диирмен**-дәнді-дақылдарды тартып, ұнтап, ұн дайындайтын арнайы құралды айтамыз.<br>**Келі**-тарыны ақтауға, ұнтақтауға арналған құрал. Балаларды Ө.Тұрманжановтың **«Қайдан келдің бауырсақ?»** өлеңімен | Айналайын ботам,<br>Қандай күлте жотаң.<br>Жалт-жұлт етіп лақ,<br>Жағалайсың бұлақ.<br>**Жұмбақтың шешуін тап.**<br>.Жарысуға дайын,<br>Менің қасқа...(тайым).<br>Тастан тасқа секірген,<br>Ұзын салпақ құлақты.<br>Қойдан маза кетірген,<br>Кім біледі...(лақты).<br>Моп-момақан өзі,<br>Сүп-сүйкімді...(қозы).<br>**Д.О.** «Төлдерін тап»<br>**Ойынның мақсаты:** Үй жануарлары туралы білімдерін толықтыра білуге және олардың төлдерін ажырата білуге үйрету. Төлдерге қамқорлықпен карауға тәрбиелеу.<br>**Ойынның мақсаты:** Тақтаға үй жануарлары ілінеді. Балалар әрбір үй жануарларының қасына өз төлін тауып ілуі тиіс.<br><br>**4.Шебер қолдар.**<br>**Тақырыбы:** Пингвин.<br>**Сабақтың мазмұны:** Балаларға пластикалық бөтелке мен ермексаздан пингвин жасауды үйрету.<br>**Д.О.** «Кім тапқыр?»<br>**Шарты:** Балаларға жұмбақтар жасыру.<br>.Жылы жақта ол болмайды,<br>Биікке ұшып қонбайды.<br>Құсқа бірақ ұқсайды,<br>Қыста мүлде тоңбайды.<br>(пингвин).<br>.Жоны қара тақтайдай,<br>Бауыры аппақ мақтадай.<br>Мекендейді мұз-қарды, | осындай ұйымшыл, ақылды балаларды көре алатыныма қуанамын! Осы қуанышым маған одан да жарық болып жануға, өз жылуымды баршаңа сыйлауға көмектеседі. Кәне бір-біріңмен қол ұстасып, менің жылуымды сезініңдер. Сендер оны бір-біріңе сыйлаңдар!»<br><br>**3.Қазақ тілі.**<br>**Міндеттері:** Тілдік дамытушы орта. Ауыз екі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту. Қазақ халқының тұрмыстық заттары мен киім-кешегімен, азық-түлік өндірудегі тұрмыстық кәсібімен, тұрмыста, аң аулауда, мал өсіруде және егіншілікке қажетті құрал-жабдықтары, туған өлкенің көрнекті жерлері, әсем табиғаты, тарихи орындары туралы суреттер, фотолар, альбомдармен жабдықталған орта құру.<br>**Д.О.** «Құрал-жабдықтарды ата»<br>**Ойынның мақсаты:** Қазақ халқының тұрмыстық заттары, шаруашылыққа қажетті құрал-жабдықтарының аттарын білу, олардың қолданылуы мен пайдасын түсіну. Балаларды еңбекқорлыққа тәрбиелеу.<br>**Ойын барысы:** Балалар суреттегі құрал-жабдықтарды атын атап, не үшін қажет екенін | **Міндеттері:** Қағаздан құрастыру. Қағаз цилиндрден қазақ халқының ұлттық бас киімі тақияны құрастыру. Оларды жіппен, ою-өрнектермен безендіру. Ұжыммен сюжетті құрастыруға баулу. шығармашылық ойлауды және қиялды дамыту. Дайын үлгілермен және қарапайым сызба бойынша жұмыс істеу, бейнені кескіні бойынша қию үшін қайшыны пайдалану.<br>**Д.О.** «Қазақтың ұлттық киімдері»<br>**Ойынның мақсаты:** Қазақтың ұлттық киімдерін атау және ажырата білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Хатқалтаға салынған үлгілер балаларға беріледі. Балалар, ер баланың және қыз баланың киімдерін атап, оларды қашан, қайда киюге болатынын айтады. Ол сөздерге қатыстырып сөйлем құрайды. Қыз бала мен ер баланың киімдерін жеке-жеке топтастырады.<br>**Д.О.** «Қазақтың ұлттық бас киімдері»<br>**Ойынның мақсаты:** Ұлттық бас киім түрлерінің атын білу және ер бала мен қыз баланың бас киімдерін ажырата білуге үйрету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | білімдерін толықтыру.<br>Жануарларға қамқор бола білуге тәрбиелеу.<br>**Ойын барысы:** Суреттен жануарлардың немен қоректенетінін тауып белгілейді.<br>**Боямақ.**<br>«Қысқы ұйқыдағы аю»<br><br>**4.Дене шынықтыру.**<br>**Негізгі қимылдар.**<br>Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру: сапқа бір, екі, үш қатармен тұру, бір-бірінің жанына және бір-бірінің артынан сапқа тұру, орнында айналу, оңға, солға бұрылу, сап түзеп, бір және екі үш қатармен қайта тұру.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:** «Дөңгелектен секіріп шық»<br>**Ойын барысы:** Қос аяқпен секіруді, биік емес жерлерден секіруді үйретуді жалғастыру.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:** «Секіріп түс те, бұрыл!»<br>**Ойынның мақсаты:** Кеңістікті бағдарлай алуын, оңға және солға бұрылуды үйрету.<br>**Ойын барысы:** «Хоп!»-деген белгі бойынша тез қимыл | таныстыру.<br>**Нан**-адамның тіршілік қорегі, дастарханға үлкен еңбекпен келеді.<br>**«Ас атасы-нан»**<br>**Сергіту сәті.**<br>Жерді жыртамыз,<br>Егінді себеміз.<br>Суарамыз, күтіп баптаймыз.<br>Бидай үлкен болып өседі,<br>Комбайынмен орамыз,<br>Машинамен қамбаға тасимыз.<br>Диирменде ұн етіп дайындайды,<br>Ұннан қамыр илеп,<br>Бауырсақ пісіреміз.<br>**Д.О.** «Не жасырынғанын тап»<br>**Ойынның мақсаты:** Балаларды аңғарымпаздыққа баулу.<br>**Ойын барысы:** Педагог балаларға ұннан пісірілген нан түрлерін көрсетеді. Балалар көздерін жұмады, педагог бір суретті алып қояды. Балалар көздерін ашқанда қай суреттің жоқ екенін айтады.<br><br>**4.Музыка.**<br>**Міндеттері:**<br>**Музыка тыңдау.** Қазақ халқының әндері мен би әуендерінің үздік үлгілерін тыңдауға баулу.<br>**Ән айту.** Ән айтуда дауыспен вокалдық-есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру. Ән айту дағдыларын қалыптастыру. Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз жеке | Сүйеді тек ызғарды.<br>Бұлғаңдайды, қашпайды,<br>Асықпайды, саспайды.<br>Мұз үстінде билейді,<br>Бірақ белін имейді.<br>(пингвин).<br>(жұмбақтың жауабы тақтаға ілінеді).<br>**Пингвин**-қанаты болсада ұша алмайтын құс. Пингвин-сүйкімді және әдемі тіршілік иесі. Сондықтан шығар олар көптеген мультфильмдердің кейіпкерлеріне айналды. Пингвиндер суда өте жақсы жүзеді. пингвиндер өзге құстар секілді ауада қалықтап ұшпасада, сүңгу жағынан шебер жүзуші, алып толқындарға төтеп бере алатындай қуат пен шеберлікке ие. Құрлықта жүргенде тікесінен тік тұрып, жәйлап қозғалады, денесін тік ұстайды. Олар балықтармен, шаян тәрізділермен қоректенеді. Өмір сүру жасы 30-35.<br>**Пингвин.**<br>Аталғанмен құс болып,<br>Пингвиндер ұшпайды.<br>Көрген емес еш тоңып,<br>Мұхиттарда қыстайды.<br>Қатар-қатар тізіліп,<br>Маң-маң басып жүреді.<br>Сонда жақсы қызынып,<br>Тоңбайтынын біледі.<br>Баласының тамағын,<br>Теңіздерден тереді.<br>Өзі жеген шабағын,<br>Қайта құсып береді.<br>Қар жамылып,<br>Мұз жалап,<br>Мұхиттарды кешеді. | әңгімелейді.<br>**Сөздік ойын:** «Мен тіл алғыш баламын»<br>**Ойынның мақсаты:** Сеніп тапсырған тапсырмаларды жауапкершілікпен орындауға, көмек беруге, үлкенді сыйлауға тәрбиелеу.<br>**Ойын барысы:** Әңгімелеу, үйде анасына, әкесіне қандай көмек көрсететіні туралы айтады.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:** «Мен еңбекқор баламын»<br>**Шарты:** Балалар дөңгелене тұрып, ойын бастаушы допты бір балаға лақтырады. Допты қағып алған бала үйде не істейтіні жайлы айтып береді.<br>**Д.О.** «Кім болам?»<br>**Ойынның мақсаты:** Әртүрлі мамандықтар туралы білімдерін кеңейту.<br>**Ойын барысы:** Балалар болашақта өздерінің қандай маман иесі болғысы келетіні жөнінде әңгімелерін, ойларын ортаға салады.<br>**Д.О.** «Кімге не керек?»<br>**Ойынның мақсаты:** Суреттерді қолдана отырып әңгімелеу арқылы балалардың тілін дамыту.<br>**Ойын барысы:** Бірінші бағанда тұрған мамандық иелерінің суреттерін, екінші бағандағы суреттердің тиістісіне сызықпен қосып көрсету.<br><br>**4.Музыка.** | **Ойын барысы:** Балалар хатқалтаның ішінен шыққан бас киімдерді атайды, ажыратады. Оларды қай кезде және қайда киетін айтады. Ер бала мен қыз баланың бас киімдерін жеке-жеке топтастырады. Ол сөздерге қатыстырып сөйлем құрайды.<br>**Шығармашылық үзіліс.**<br>«Сәукеле»<br>**Мақсаты:** Қағаз цилиндрден қазақ халқының ұлттық бас киімі сәукелені құрастыру. Оларды жіппен, ою-өрнектермен безендіру.<br><br>**4.Дене шынықтыру.**<br>**Спорттық жаттығулар.** Сырғанау. Өз бетінше мұзды жолмен сырғанау, жүгіріп келіп сырғанау.<br>**Еркін ойын:** «Шанамен сырғанау»<br>**Ойынның мақсаты:** Бір-бірімен тату, дос болуға тәрбиелеу.<br>**Ойын барысы:** Бір-бірін шанамен сырғанату, төбешіктен бір-бірлеп және екі-екіден шанамен сырғанау.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:** «Шаңғы жарысы»<br>**Ойынның мақсаты:** Дене шынықтыру сабағында алған білімдерін іс жүзінде қолданып, жарыстарға |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | қысқа азық қорын жинамайды?<br>-Жабайы аңдар суықтан қалай қорғанады?<br>-Тиін жаңғақтарды қайдан алады?<br>-Кірпінің, борсықтың, тиіннің және аюдың қалай қыстайтынын есіңе түсір.<br>**Тыңда.**<br>-Қыста қояндар мен бұғылар қысқа азық даярламайды. Қоян ағаштардың бұталарын кеміріп жеп күн көреді. Бұғы ағаштардың кішкентай бұтақтарын жейді. түлкінің мұрны өте иісшіл, құлағы жақсы естиді. Ол қарды иіскелеп, қар астындағы тышқанның дыбысын естіп қояды. Түлкінің қысқы азығы-тышқан. Ал аю қысқа азық жинайды. Денесіне май жинап алып, қыс бойы апанында жатып, табанын сорады.<br>**Бірге жаттайық.**<br>«Ақ аю» Ә.Табылды.<br>**Ертегілер елінде.**<br>«Қоянның үйшігі»<br>Үнтаспа.<br>**Д.О.** «Қандай жануар?»<br>**Ойынның мақсаты:** Жануарлр туралы алған білімдерін толықтыру. Жануарларға қамқор бола білуге тәрбиелеу.<br>**Ойын барысы:** Бір бала хатқалтадан бір жануардың суретін алады. сол жануардың қысқы тіршілігі туралы әңгімелейді.<br>**Д.О.** «Ненің азығы?»<br>**Ойынның мақсаты:** Жануарлр туралы алған | құралы ретінде дамыту. Қазақ халқының тұрмыстық заттары мен киім-кешегімен, азық-түлік өндірудегі тұрмыстық кәсібімен, тұрмыста, аң аулауда, мал өсіруде және егіншілікке қажетті құрал-жабдықтары, туған өлкенің көрнекті жерлері, әсем табиғаты, тарихи орындары туралы суреттер, фотолар, альбомдармен жабдықталған орта құру.<br>**Жұмбақтар шешейік.**<br>.Ұзын мұртты сарылар,<br>Қойнында дәні бар.<br>(бидай).<br>.Дәндері алтын түсті.<br>(жүгері).<br>.Ала жаздай су ішетін дақыл.<br>(күріш).<br>-Балалар, бидайдан не жасалады?<br>-Ұнды қалай жасайды?<br>-Нанды неден пісіреді?<br>-Мына суреттен нанның қандай түрлерін көріп тұрсыңдар? Атап беріңдер.<br>**Суретпен жұмыс.**<br>Балаларға сурет арқылы қазақ халқының азық-түлік өндірудегі тұрмыстық заттарымен таныстыру.<br>**Диірмен**-дәнді-дақылдарды тартып, ұнтап, ұн дайындайтын арнайы құралды айтамыз.<br>**Келі**-тарыны актауға, ұнтақтауға арналған құрал. Балаларды Ө.Тұрманжановтың **«Қайдан келдің бауырсақ?»** өлеңімен | Айналайын ботам,<br>Қандай күлте жотаң.<br>Жалт-жұлт етіп лақ,<br>Жағалайсың бұлақ.<br>**Жұмбақтың шешуін тап.**<br>.Жарысуға дайын,<br>Менің қаска...(тайым).<br>Тастан тасқа секірген,<br>Ұзын салпақ құлақты.<br>Қойдан маза кетірген,<br>Кім біледі...(лақты).<br>Моп-момақан өзі,<br>Сүп-сүйкімді...(қозы).<br>**Д.О.** «Төлдерін тап»<br>**Ойынның мақсаты:** Үй жануарлары туралы білімдерін толықтыра білуге және олардың төлдерін ажырата білуге үйрету. Төлдерге қамқорлықпен қарауға тәрбиелеу.<br>**Ойынның мақсаты:** Тақтаға үй жануарлары ілінеді. Балалар әрбір үй жануарларының қасына өз төлін тауып ілуі тиіс.<br><br>**4.Шебер қолдар.**<br>**Тақырыбы:** Пингвин.<br>**Сабақтың мазмұны:** Балаларға пластикалық бөтелке мен ермексаздан пингвин жасауды үйрету.<br>**Д.О.** «Кім тапқыр?»<br>**Шарты:** Балаларға жұмбақтар жасыру.<br>.Жылы жақта ол болмайды,<br>Биікке ұшып қонбайды.<br>Құсқа бірақ ұқсайды,<br>Қыста мүлде тоңбайды.<br>(пингвин).<br>.Жоны қара тақтайдай,<br>Бауыры аппақ мақтадай.<br>Мекендейді мұз-қарды, | осындай ұйымшыл, ақылды балаларды көре алатыныма қуанамын! Осы қуанышым маған одан да жарық болып жануға, өз жылуымды баршаңа сыйлауға көмектеседі. Кәне бір-біріңмен қол ұстасып, менің жылуымды сезініңдер. Сендер оны бір-біріңе сыйлаңдар!»<br><br>**3.Қазақ тілі.**<br>**Міндеттері:** Тілдік дамытушы орта. Ауыз екі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту. Қазақ халқының тұрмыстық заттары мен киім-кешегімен, азық-түлік өндірудегі тұрмыстық кәсібімен, тұрмыста, аң аулауда, мал өсіруде және егіншілікке қажетті құрал-жабдықтары, туған өлкенің көрнекті жерлері, әсем табиғаты, тарихи орындары туралы суреттер, фотолар, альбомдармен жабдықталған орта құру.<br>**Д.О.** «Құрал-жабдықтарды ата»<br>**Ойынның мақсаты:** Қазақ халқының тұрмыстық заттары, шаруашылыққа қажетті құрал-жабдықтарының аттарын білу, олардың қолданылуы мен пайдасын түсіну. Балаларды еңбекқорлыққа тәрбиелеу.<br>**Ойын барысы:** Балалар суреттегі құрал-жабдықтарды атын атап, не үшін қажет екенін | **Міндеттері:** Қағаздан құрастыру. Қағаз цилиндрден қазақ халқының ұлттық бас киімі тақияны құрастыру. Оларды жіппен, ою-өрнектермен безендіру. Ұжыммен сюжетті құрастыруға баулу. шығармашылық ойлауды және қиялды дамыту. Дайын үлгілермен және қарапайым сызба бойынша жұмыс істеу, бейнені кескіні бойынша қию үшін қайшыны пайдалану.<br>**Д.О.** «Қазақтың ұлттық киімдері»<br>**Ойынның мақсаты:** Қазақтың ұлттық киімдерін атау және ажырата білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Хатқалтаға салынған үлгілер балаларға беріледі. Балалар, ер баланың және қыз баланың киімдерін атап, оларды қашан, қайда киюге болатынын айтады. Ол сөздерге қатыстырып сөйлем құрайды. Қыз бала мен ер баланың киімдерін жеке-жеке топтастырады.<br>**Д.О.** «Қазақтың ұлттық бас киімдері»<br>**Ойынның мақсаты:** Ұлттық бас киім түрлерінің атын білу және ер бала мен қыз баланың бас киімдерін ажырата білуге үйрету. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | жасай алуын дамыту, жоғарыға секіруді орындай алуға үйрету. Кеңістікті бағдарлай алуын бекіту. (жүргізушінің көрсеткен жағына бұрылу).<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:** «Балапандар мен мысық»<br>**Бастапқы қозғалыс:** Жай жүріс, жүгіру.<br>**Ойын барысы:** Балалар мұғаліммен бірге мысыққа жақындап:<br>Мыс-мыс-мысығым,<br>Қандай күшті пысығым.<br>Пеш түбінде ұйықтайды,<br>Көзін қатты қыспайды.<br>Балапанды ұстайды?<br>Мысық: Мяу!-деп балаларды қуа жөнеледі. | ән айту дағдыларын дамыту. Әнді музыкалық талғаммен орындауға жаттықтыру.<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып жаттығуларды орындауға үйрету: марш сипатын анық ырғақты жүрумен, музыканың қимыл сипатын жеңіл және ырғақпен жүгіру жүрелеп отыру арқылы бере білу. Би қимылдарын қосалқы және ауыспалы қадам жасауды, әртүрлі бағытта жүгіруді және секіруді меңгерту.<br>**Музыка тыңдау.**<br>«Бесік жыры» С.Ақжігітов.<br>-Бесікке кімді жатқызады?<br>-Бесік жырын кім орындайды?<br>-Ән қалай орындалады?<br>-Ән сендерге ұнады ма?<br>**Ән айту:** «Ана әлдиі» А.Меңжанова.<br>-Балалар, әлемдегіең қымбат, аяулы адам кім?<br>-Аналарың сендерді қалай еркелетеді?<br>-Ана сәбиін қалай тербетеді?<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** «Айжан қыз» Құрманғазы. Үнтаспа. Қазақ халқының би элементтерін кеңінен қолдану. (қолдың басын бұрау, жан-жаққа, алға, артқа музыкаға сәйкес иілуді орындау). | Содан олар мұз балақ, Төзімді болып өседі.<br>-Пингвиндер туралы қандай мультфильмдер көрдіңдер?<br>**Шығармашылық үзіліс.**<br>**Мүсіндеу:** «Пингвин»<br>Балалар пластикалық бөтелке мен ермексаздан пингвин жасайды.<br>**Сергіту сәті.**<br>«Пингвиндер»<br>Балалар баяу музыка әуенімен пингвиндердің жүрісін салады.<br><br>**5.Дене шынықтыру.**<br>**Жалпы дамытушы жаттығулар.**<br>Аяққа арналған жаттығулар: аяқтың ұшына көтерілу, қолды алға созып жартылай отырып тұру, (2-3) рет, қолды тізеге қойып отырып-тұру, аяқтың ұшымен ұсақ заттарды жылжыту.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:** «Ұшақтар»<br>**Шарты:** Педагог: **«Ұшақтар ұшады!»**-деген кезде барлық бала ұшақ болып екі қолын жайып ұшақ болып ұшады.<br>**«Ұшақтар қона бастады!»**-дегенде барлық бала өз орнына келіп қона бастайды.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:** **«Автобус»**.<br>**Шарты:** Балалар қатарға бір-бірден тұрады. Педогог автобус жүргізушісі болады. Балалар жолаушылар. Педагог дыбыс берген кезде | **Міндеттері:**<br>**Музыка тыңдау.** Қазақ халқының әндері мен би әуендерінің үздік үлгілерін тыңдауға баулу.<br>**Ән айту.** Ән айтуда дауыспен вокалдық-есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру. Ән айту дағдыларын қалыптастыру. Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз жеке ән айту дағдыларын дамыту. Әнді музыкалық талғаммен орындауға жаттықтыру.<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып жаттығуларды орындауға үйрету: марш сипатын анық ырғақты жүрумен, музыканың қимыл сипатын жеңіл және ырғақпен жүгіру жүрелеп отыру арқылы бере білу. Би қимылдарын қосалқы және ауыспалы қадам жасауды, әртүрлі бағытта жүгіруді және секіруді меңгерту.<br>**Музыка тыңдау.**<br>«Бесік жыры» С.Ақжігітов.<br>-Бесікке кімді жатқызады?<br>-Бесік жырын кім орындайды?<br>-Ән қалай орындалады?<br>-Ән сендерге ұнады ма?<br>**Ән айту:** «Ана әлдиі» А.Меңжанова.<br>-Балалар, әлемдегіең қымбат, аяулы адам кім?<br>-Аналарың сендерді қалай | қатыстыруға ынталандыру.<br>**Ойын барысы:** Шанада отырып аяқпен итеру; ішімен жатып қолымен итеру.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:** «Тарту»<br>**Ойынның мақсаты:** Балаларды күшті, епті болуға тәрбиелеу.<br>**Ойын барысы:** Қалың қар үстіне сақина жасау. Әркім қасында тұрған баланы белгі берген кезде өзіне тартып қалады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | автобус жылжи бастайды, әуелі баяу, кейін жылдам және одан да жылдамырақ жүреді. Педагог жүрісті баяулатады. Жүргізуші автобусты тоқтатады. Балалар орындарына жайғасады. | еркелетеді?<br>-Ана сәбиін қалай тербетеді?<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** «Айжан қыз» Құрманғазы. Үнтаспа. Қазақ халқының би элементтерін кеңінен қолдану. (қолдың басын бұрау, жан-жаққа, алға, артқа музыкаға сәйкес иілуді орындау). | |
| **Серуенге дайындық** | Серуендеуге деген қызығушылықты арттыру. Киіну: жүйелік серуендеуге шығу, ережелерді сақтау, балалармен жеке әңгімелер жүргізу. | | | | |
| **Серуендеу** | №15 Ағаш пен бұталарды бақылау. | №2 Қар басуын бақылау. | №16 Құстарды бақылау. | №21.Мұзды бақылау. | №24.Қар тазалайтын машинаны бақылау. |
| **Балалармен жеке жұмыс.** | **1.Сауат ашу негіздері. Қолға қалам аламыз, Әдемі етіп жазамыз.** (қолын жазуға жаттықтыру). Қолды жазуға дайындауға, берілген тапсырмаларды қызығушылықпен орындауға баулу. | **1.Сурет салу.**<br>Боямақ. «Аққалалар» | **1.Математика.**<br>Заттарды санау, түсі, өлшемі, пішіні бойынша топтастыруға үйрету. | **1.Қазақ тілі.**<br>Қазақ тіліне тән ә,ө,қ,ү,ұ,і,ғ,ң дыбыстарын және осы дыбыстардан тұратын сөздерді дұрыс айта білуге үйрету. | **1.Көркем әдебиет.**<br>Тақпақтар жаттау. |
| **Балалардың үйге қайтуы.** | Ата-аналармен әңгімелесу: Балаларының оқу іс- әрекетіне көңіл бөлуді ұсыну. | Ата-аналармен әңгімелесу: Балалармен бірге кітаптар қарау, ертегі кітаптар оқуға кеңес беру. | Ата-анамен әңгімелесу. Пайдалы және зиянды тағамдар туралы айту. | Ата-анамен әңгімелесу. «Баланың қызығушылығын қалай дамытуға болады?» тақырыбына әңгіме. | Ата-анамен әңгімелесу. Демалыс күндерін жақсы өткізуін айту. |

Бекітемін:

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы.**

**Білім беру ұйымының атауы:** Т.Г.Шевченко атындағы жалпы білім беретін мектебі
**Мектепалды** «0» А сыныбы.
**Балалардың жастары:** 5 жас.
**Жоспарлау күні:** 26.02.-01.03. 2023-2024 оқу жылы.

| Күн тәртібі | Дүйсені | Сейсенбі | Сәрсенбі | Бейсенбі | Жұма |
|---|---|---|---|---|---|
| **Балаларды қабылдау** | Балаларды жақсы көңіл-күймен қарсы алу. Балалар үшін қолайлы жағдай жасау. Балалардың бүгінгі көңіл-күйі туралы әңгімелеу және оны не қызықтырады, баланың жеке пікірін білдіруге қатыстыру. | | | | |
| **Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңесу, әңгімелесу** | Ата-аналармен баланың денсаулығы, үй режимі, тәрбиелеу, дамыту және оның жетістіктері туралы әңгімелер, кеңестер. | | | | |
| **Балалардың дербес әрекеті (баяу, қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар).** | **Д.О.** «Айырмашылығын тап»   | **Д.О.** «Кім қайда тұрады?»  | **Д.О.** «Кітап-біздің досымыз» **Ойынның мақсаты:** Балалардың кітапқа деген қызығушылығын арттыру. **Ойын барысы:** Балалар кітап бұрышындағы кітаптарды қарайды, танысады, ондағы таныс ертегілер мен әңгімелерді айтады. | **Д.О.** «Қатты-жұмсақ» **Ойынның мақсаты:** Балалардың ойлау қабілетін арттыру. **Ойын барысы:** Балалар суреттегі заттарды атайды. Заттардың қандай материалдардан жасалғанын өз бетінше анықтап, талдау жасайды және олардың сапасы мен қасиетін сипаттайды. | Алғыс айту парызым! **Шарты:** Балалар шаттық шеңберінде дөңгеленіп тұрады. Қолдарында әдемі жүрекшені ұстап алғыс айтады. |
| **Ертеңгілік жаттығу** | **Ақпан айының 4-аптасына арналған жаттығу кешені. Мақсаты.** Балалардың жалпы даму жаттығуларын жасау арқылы балаларды шапшаңдыққа, дене бітімін дұрыс қалыптасуына үйрету.<br>Салауатты өмір салтын сақтаймыз,<br>Жаттығудан ешқашан да қашпаймыз. | | | | |
| **Ұйымдастырылған іс-әрекетіне дайындық** | **Шаттық шеңбері.**<br>Армысың сұлу күн,<br>Армысың жан досым.<br>Жылуыңа жылу қос,<br>Міне менің қолым! | **Шаттық шеңбері.**<br>Арайлап таң атты,<br>Алтын сәуле таратты.<br>Жадырайды жүздерің,<br>Жарқырайды тобымыз,<br>Қайырлы таң балалар! | **Шаттық шеңбері**<br>Қуанамын мен де,<br>Қуанасың сен де.<br>Қуанайық достарым,<br>Арайлап атқан күнге. | **Сөздік ойын:** «Ауа-райы» туралы айтып бер. **Шарты:** Балалар ауа-райын сипаттайтын сөздерді тауып айтады. (суық, желді, ашық, бұлтты. т.б.). | **Шаттық шеңбері.**<br>Қуан, шаттан, алақай,<br>Қуанатын келді күн.<br>Қайырлы таң,<br>қайырлы күн,<br>Күліп шықты бүгін де күн. |
| **Кестеге сәйкес ұйымдастырылған іс-әрекет..** | **1.Сауат ашу негіздері.** **Міндеттері:** Сөздерді дыбыстық талдау: сөздегі дыбыстардың ретін, дауысты және дауыссыз | **1.Сөйлеуді дамыту.** **Міндеттері:** Сөздік қор. Қазақ халқының салт-дәстүрлерімен таныстыруды | **1.Сауат ашу негіздері.** Сөйлем туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. (грамматикалық, | **1.Сөйлеуді дамыту.** **Міндеттері:** Сөздік қор. Қазақ халқының салт-дәстүрлерімен таныстыруды | **1.Сауат ашу негіздері.** **Міндеттері:** Әртүрлі бағыттағы тігінен, |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | дыбыстарды анықтау.<br>**№2 жұмыс дәптері.**<br>**1.**Дыбыстық талдау жаса.<br>**2.**Суреттерді штрихта.<br>**3.**Үзік сызықтарды бастыр, жалғастырып жаз.<br>**Сергіту сәтін өткізу.**<br>**Д.О.** «Қандай жеміс алдың?»<br>**Ойынның мақсаты:** Жемістерді атап, ажырата білу және байланыстырып сөйлем құрай білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Үстел үстінде жемістердің муляжы тұрады. Балалар өздеріне ұнаған жемістерді алып, үлгі тірек суретке қарап қандай жеміс алғанын әңгімелеп береді.<br>Үлгі суреттің макеті:<br>**1.**Пішіні<br>**2.**Түсі<br>**3.**Көлемі<br>**4.**Қайда өседі?<br>**5.**Не жасап дайындауға болады?<br>**Мысалы:** Алма-дөңгелек, қызыл үлкен, бақта өседі, алмадан тосап дайындайды.<br>**Д.О.** «Не артық?»<br>**Ойынның мақсаты:** Жемістер мен көкөністерді ажырата білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Суретке қарап не артық екенін айтады.<br><br>**2.Математика.**<br>**Міндеттері:** Сан және санау. Теңдік туралы түсінік қалыптастыру. Әртүрлі | жалғастыру, «Асар», «Сүйінші сұрау» дәстүрлерінің мәнін түсіндіру, балаларды бір-біріне көмек қолын созуға, бірлесіп, келісіп ойнауға, тапсырманы орындауға, бір-бірінің қуанышына ортақтаса білуге, бір-біріне қамқор болуға баулу.<br>**Шаттық шеңбері.**<br>Атым-қазақ, текті батыр ұланбыз,<br>Қадірлейміз қазағымның мұрасын.<br>Әдептілік-сұлулық пен теңдесіз,<br>Дәріптейміз ата дәстүр бұлағын.<br>**Суретпен жұмыс.**<br>Салт-дәстүрім мақтанышым.<br>**Мақсаты:** Салт-дәстүрімізді дәріптей отырып, балаларды адалдыққа, ұлтжандылыққа, мейірімділікке тәрбиелеу.<br>-Суретте не бейнеленген?<br>-Суреттен қазақ халқының қандай салт-дәстүрлерін көріп тұрсыңдар?<br>-Өзің білетін салт-дәстүрлерді ата.<br>**Тыңда:** Қазақ халқының тағы бір салт-дәстүрінің бірі-базарлық.<br>**Базарлық-**Алыс сапардан немесе жәрмеңкеден келген адамның өзінің жақын туыстары мен көршілеріне ала келген әртүрлі сыйлықтары.<br>-Балалар сендер базарлық алып көрдіңдер ме?<br>-Алыс қаладан немесе | анықтамасыз), сөйлем сөздерден тұратынын түсіну. Сөйлемді ауызша талдау: жай сөйлемдерді сөздерге бөлу, сөйлемдегі сөздердің ретін, санын анықтау, берілген сөзге сөйлем құрастыру.<br>**№2 жұмыс дәптері.**<br>Сөйлем құрау.<br>**1.**Суреттерді қара. Әр сурет бойынша сөйлем құра.<br>**2.**Суреттерді штрихта.<br>**3.**Үзік сызықтарды бастыр, жалғастырып жаз.<br>**Сергіту сәтін өткізу.**<br>**Д.О.** «Сиқырлы сандық»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың сөздік қорын молайту.<br>**Ойын барысы:** Педагог әдемі сиқырлы сандықтан бірнеше ойыншықтарды шығарады. Балалар сол ойыншықтарға қарап сөйлемдер құрайды.<br>**Д.О.** «Сөйлем құра»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың сөздік қорын толықтыру, тіл байлығын арттыру.<br>**Ойын барысы:** Балаларға екі заттың суретін көрсету арқылы сөйлем құрату.<br>**Мысалы:** алма және аю.<br>.Аю алманы көрді.<br>.Аю орманда келе жатып алма ағаштағы алманы көрді.<br>.Аю алма ағаштағы алмаларды тез жинап алғысы келді.<br>.Аю алма ағаштағы алмаларды жинап, апанына алып кетті. | жалғастыру, «Асар», «Сүйінші сұрау» дәстүрлерінің мәнін түсіндіру, балаларды бір-біріне көмек қолын созуға, бірлесіп, келісіп ойнауға, тапсырманы орындауға, бір-бірінің қуанышына ортақтаса білуге, бір-біріне қамқор болуға баулу.<br>**Тыңда.**<br>**Байғазы-**қазақ салт-дәстүрінде үлкеннің кішіге, балаларға беретін сыйлығы. Байғазыны көбінесе жасөспірім балалар, бойжеткен қыздар, бозбалалар жаңа киім кигенде, жаңа бір зат алғанда ағалары мен жеңгелерінен, әпкелерінен сұрайды. Үлкендер байғазыға ақша берумен бірге құтты болсын айтып, ізгі тілек білдіреді.<br>**Тілашар-**қазақ халқының тағы бір салт-дәстүрінің бірі.<br>**Тілашар-**тойына арнап шашу шашады. Әр отбасы баласы 7 жасқа толған соң мектепке оқуға береді. бұл да бала өміріндегі елеулі оқиға, есте қаларлық кезең болып табылады. Осы күні балаға жаңа киім кигізіп, оқу-құралдарын дайындап, шағын той өткізеді. Мұндай салт-дәстүрді **«тілашар»** тойы деп атайды. Үлкен-кішілер балаға өсті, азамат болды деп, «ғалым бол», «ақын бол» деген сияқты тілек білдіріп бата береді, баның ата-анасына құтты | көлденең, қысқа және ұзын, толқынды ирек сызықтарды, нүктелерді, тамшы тәрізді пішіндерді олардың арасындағы арақашықтықты сақтап, алдымен үлгі бойынша және кейіннен өз бетінше жазуға мүмкімдік беру.<br>**«Кел жазайық»**<br>Көмектесе жүріп жазу жұмысын орындату.<br>**Д.О.** «Көңілді сызбалар әлеміне саяхат»<br>**Ойынның мақсаты:** Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең сызықтарды сала білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Берілген сызбаларды, штрихтарды, жиектерді, ұзын, қысқа тік таяқшалармен әр түрлі өрнектер салады.<br>**Қолға қалам аламыз, әдемі етіп жазамыз!**<br>**Шарты:** Үзік сызықтарды үстінен бастырып жазу. Балалардың қолдарын жазуға жаттықтыру.<br>**Сергіту сәті** «Көңілді күн»<br><br>**2.Математика.**<br>**Міндеттері:** Сан және |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | заттардан тұратын топтардың санын анықтау. Топтарды санау және салыстыру негізінде сандық мәндерді дұрыс жалпылау.<br>**Санау әні.** (үнтаспа)<br>**Д.О.** «Қандай сан жоқ?»<br>**Ойынның мақсаты:** Балаларды аңғарымпаздыққа тәрбиелеу.<br>**Ойын барысы:** Жоқ сандарды тауып жазады.<br><br>**№2 жұмыс дәптері.** (тапсырмаларды балаларға түсіндіре отырып орындату).<br>**Сергіту сәтін өткізу.**<br>**Д.О.** «Менің достарым»<br>**Ойын барысы:** Біздің топта қанша бала бар? Қыздар қанша? Ұлдар қанша? Кімдер артық? Кімдер кем? Салыстыр.<br>**Д.О.** «Қоянға көмектес»<br>**Ойынның мақсаты:** Балаларды аңғарымпаздыққа тәрбиелеу.<br>**Ойын барысы:** Балалар бізге қонаққа қоян келді. Ол бізбен бірге ойнағысы келеді. Сендер көздеріңді жұмыңдар. Ал бұл кезде қоян көкөністердің қасына сандарды қояды. | жәрмеңкеден келген аға, әпкең, ата-әжең сендерге қандай базарлық әкеліп берді?<br>-Қандай базарлық алуды қалайсың?<br>**Шашу**-қуаныш айғағы ретінде жасалатын өте керемет салтанатты дәстүрдің бірі. Жақсылық күндерде, келін түскенде, алыс сапардан жолаушы келгенде, т.б. қуанышты күндерде әже, аналар құрт, конфет, күміс теңгеден шашу шашады. Шашылған шашудан тойға қатысушылар теріп алып, ырым қылып балаларына апарып береді.<br>**Д.О. «Бағдаршам»**<br>**Шарты:** Балалар бағдаршамның бір түсін таңдап алады да, сол түстегі тапсырманы орындайды.<br>**Қызыл түс**-қазақ халқының салт-дәстүрлерін атап береді.<br>**Сары түс**-салт-дәстүрге байланысты жаттаған өлең, тақпақтардың бірін айтады. Тұсау кесу рәсімі немесе бесік жыры әнін орындау.<br>**Жасыл түс**-Тұсау кесу рәсіміне қажетті заттарды атап береді.<br>**Сюжеттік-рөлді ойын:** «Шашу»<br>**Ойынның мақсаты:** Қазақтың ұлттық рәсімдері туралы білімдерін толықтыру.<br>**Ойын барысы:** Шашу салт-дәстүрін сахналау, ана | **2.Математика.**<br>**Міндеттері:** Сан және санау. Теңдік туралы түсінік қалыптастыру. Әртүрлі заттардан тұратын топтардың санын анықтау. Топтарды санау және салыстыру негізінде сандық мәндерді дұрыс жалпылау.<br>**Санау әні.** (үнтаспа)<br>**№2 жұмыс дәптері.**<br>Сергіту сәтін өткізу.<br>**Жұмбақ жасыру.**<br>.Күні бойы тынбайды,<br>Дәмді тағам жинайды.<br>(ара).<br>.Гүлге қонады,<br>Гүлдің қонағы.<br>Үйіне кірсе,<br>Бөшкелер толады.<br>(ара).<br>-Жәндіктер қай мезгілде болады?<br>-Суреттен қандай жәндіктерді көріп тұрсыңдар?<br>-Жәндіктерді санап оларды теңестіріп көрейік.<br>-Қайсысы көп, қайсысы аз.<br><br>**Бірге жаттайық.**<br>Аралар ұшып тынбайды,<br>Әрлі-берлі зырлайды.<br>Аралайды қырларды, | болсын айтып, балаға сәт-сапар тілейді. Баланың жаңа киіміне байғазы береді.<br>-Мектепке неше жастан барады?<br>-Мектепте не үйретеді?<br>-Оқушының ережесін білесіңдер ме?<br>**«Оқушының күн тәртібі»**<br>Сурет бойынша әңгімелеу.<br>**Жұмбақтарды шешейік.**<br>.Сөзі дана, үні жоқ,<br>Сөйлемейді тілі жоқ.<br>Қолыңа алсаң шешен,<br>Ақылы асқан көсем.<br>(кітап).<br>.Қабат-қабат қаттама,<br>Ақылың болса аттама.<br>(кітап).<br>.Аппақ дала, қара дән,<br>Сепкен дәні түсінуге жараған.<br>(әріптер).<br>Аяғы біреу, қолы жоқ,<br>Шиыр-шиыр жолы көп.<br>Өзі сөйлей білмейді,<br>Салған ізі сөйлейді.<br>(қалам).<br>.Оқушыға күнде еріп жүретін не?<br>(күнделік).<br>.Жазып алам көшіріп,<br>Сүртемін сосын өшіріп.<br>(тақта).<br>.Төрт қырлы, өзі аппақ,<br>Тақтадағы ізі де аппақ.<br>(бор).<br>.Тілі жоқ өзінде,<br>Сөзі бар ізінде.<br>(қалам).<br>.Қате жазып жаңылсаң,<br>Тазалайды ол барын сап.<br>(өшіргіш).<br>**Шығармашылық үзіліс**<br>**Ән айту:** «Біріншіге | санау. Заттардың саны олардың көлеміне, арасындағы қашықтыққа, пішінге орналасуына, сондай-ақ санау бағытына байланысты емес екенін түсіндіру.<br>**«Күшіктер санамығы»** (үнтаспа)<br>**Д.О.** «Жоғалған қай сан?»<br>**Ойынның мақсаты:** Балалардың ойлау қабілеттерін арттыру.<br>**Ойын барысы:** Тақтада 1-ден 10-ға дейінгі сандар қатары ілініп тұрады. Педагогтың белгісімен балалар көздерін жұмады. Педагог бір санды алып қояды. Балалар көздерін ашқанда қай сан жоқ екенін айтады.<br>**Д.О.** «Кім тапқыр?»<br>**Ойынның мақсаты:** Дауыстап санауға, қортынды санды есте сақтауға үйрету. Балалардың есте сақтау қабілеттерін арттыру.<br>**Ойын барысы:** Педагог үстелді бірнеше рет соғады. Балалар іштерінен санайды. Педагог балалардан қанша рет соғылғанын сұрайды. Балалар санын айтады.<br>**№2 жұмыс дәптері.** |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Балалар көздерін ашқанда қандай санның тұрғанын айтып берулері керек. Ойын 3-4 рет қайталанады.<br>**Д.О.** «Қоянда қанша сәбіз?»<br>**Ойынның мақсаты:** Заттарды санау және санын анықтай білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Балаларға қоян туралы жұмбақ жасыру. Қоян туралы тақпақ айту. Балалар сәбіздерді санап, қоянда қанша сәбіз бар екенін айтып, сол санды дөңгелектейді.<br>**Жұмбақтарды шеш!**<br>.Көлеңкесінен қорқып безектейді,<br>Ал оның баласын көжек дейді.<br>(қоян).<br>.Қалқиып қос құлағы,<br>Елеңдеп ылғи тұрады.<br>(қоян).<br>.Өзінше ноян,<br>Қорқақ кім?<br>(қоян).<br>.Далада жүр шапқылап,<br>Керемет бір саққұлақ<br>(қоян).<br>-Қоян қандай аң?<br>-Ол қайда мекендейді?<br>-Қоянның құлағы қандай?<br>-Қоянның құйрығы қандай?<br>-Қоянның баласын қалай атаймыз?<br>-Қоян немен қоректенеді?<br>-Қыста қоянның тоны қандай болады?<br>-Көктемде қоянның тоны қандай болады?<br>**Бірге жаттайық.**<br>Қоян секек қағады,<br>Сәбізді іздеп табады.<br>Үйшігіне барады,<br>Ауқаттанып алады. | болып педагог орындайды. Балалар шашылған конфеттерді жинап алады.<br><br>**2.Қоршаған орта.**<br>**Міндеттері:** Табиғатпен таныстыру. Тірі және өлі табиғат құбылыстары туралы білімдерін кеңейту. «Өлі табиғат» ұғымымен таныстыру. (су, ауа, мұз сүңгілері, күн, бұлт, қар, тастар, жел, жаңбыр). Өлі табиғат заттарын адамның қолымен жасалған заттардан ажырата білу.<br>**Жұмбақтар шешейік.**<br>.Төбеден төнеді,<br>Тамшысын төгеді.<br>Сол кезде қаулап,<br>Бәйшешек өнеді.<br>(жаңбыр).<br>.Көзіңе көрінбейді,<br>Қолыңа ілінбейді.<br>Біракта құлағыңа,<br>Үнемі күбірлейді.<br>(жел).<br>.Төгіліп жерге ақ моншақ,<br>Ғайып болды сол шақ та-ақ.<br>(бұршақ).<br>.Жарқ етсе сабау қамшы,<br>Нөсерлетіп жауар тамшы.<br>(найзағай).<br>.Ышқынады өзі жоқ,<br>Ысқырады сөзі жоқ.<br>(боран).<br>.Ақ сандығым ашылды,<br>Ішінен жібек шашылды.<br>(күннің көзі).<br>**Тыңда.**<br>**Табиғат құбылыстары.**<br>Табиғатта үнемі әртүрлі өзгерістер болып тұрады.<br>Күн мен түн алмасады. | Шаң тозаңды жинайды.<br>Әдемі гүлдер өсірсең,<br>Саған балын сыйлайды.<br><br>**3.Көркем әдебиет.**<br>**Міндеттері:** Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауына ықпал ету, олардың мазмұнын түсіну, себеп-салдарлық байланыстарды, жанрларды (ертегі, әңгіме, өлең) ажырату, тілдің көркемдігін сезіну (эпитеттер, сипаттамалар, образды сөздер), шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекетін бағалау. Шығарма мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырп, эмоциямен қисынды қайталап айтып беру, диологтік сөйлеуді дамыту, кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіру. Әдеби кейіпкерлердің белгілі бір әрекетін өзінің қалай қабылдағаны туралы айту, кейіпкерлердің жасырын әрекетін түсіну.<br>**«Жақсы сөз»** ойыны.<br>**Шарты:** Балалар шеңберге тұрады.педагог қолындағы допты қай балаға лақтырса, сол бала жақсы бір сөз айтуы керек. Допты қағып алған бала дереу бір жақсы сөзді айтады да, қолындағы добын келесі балаға лақтырады. Жақсы сөздер тізбегі осылай жалғаса береді.<br>**Д.О.** «Менің денем»<br>**Шарты:** Сурет бойынша | барамын» Т.Тайбеков.<br><br>**2.Қоршаған орта.**<br>**Міндеттері:** Табиғатпен таныстыру. Тірі және өлі табиғат құбылыстары (маусым, өсімдік, адам еңбегі) арасындағы себеп-салдарлық байланыстарды бақылау және түсіну. Балалардың зерттеу әрекеті үшін жағдай жасау, табиғатпен таныстыру барысында заттар мен құбылыстардың өзіне тән сипаттамалық белгілерін бақылау, салыстыру, ажырату. Адам өмірі үшін судың, құмның, күн, ай сәулесінің, саздың, тастардың маңызын түсіну.<br>**Д.О.** «Көлеңкесін тап»<br>**Ойынның мақсаты:** Өлі және тірі табиғат туралы білімдерін толықтыру. Өлі және тірі табиғатты ажырата білу.<br>**Ойын барысы:** Өлі және тірі табиғат туралы айтады, олардың көлеңкесін табады.<br><br> | (тапсырмаларды балаларға түсіндіре отырып орындату).<br>**Сергіту сәтін өткізу.**<br><br>**4.Сурет салу.**<br>Ою-өрнектермен қазақтың ұлттық киімдерін (орамал, шапан, камзол) салу, оларды пішіндердің ортасында және шеттерінде орналастыру. Ою-өрнекті өз бетінше ойдан салуға мүмкімдік беру. Ұжыммен бірге жұмыс істеу, міндеттерді өзара келісіп орындау, салынған суретпен түрлі ойындар ойнау.<br>**Д.О.** «Қазақтың ұлттық киімдері»<br>**Ойынның мақсаты:** Қазақтың ұлттық киімдерін атау және ажырата білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Хатқалтаға салынған үлгілер балаларға беріледі. Балалар, ер баланың және қыз баланың киімдерін атап, оларды қашан, қайда киюге болатынын айтады. Ол сөздерге қатыстырып сөйлем құрайды. Қыз бала мен ер баланың киімдерін жеке-жеке топтастырады. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | Ақ қоян-ау, ақ қоян,<br>Үркек қоян, сақ қоян.<br>Қаша берсең орманға,<br>«Қорқағым»-деп ат қоям.<br><br><br>**3.Көркем әдебиет.**<br>**Міндеттері:** Әдеби шығармаларды эмоционалды қабылдауына ықпал ету, олардың мазмұнын түсіну, себеп-салдарлық байланыстарды, жанрларды (ертегі, әңгіме, өлең) ажырату, тілдің көркемдігін сезіну (эпитеттер, сипаттамалар, образды сөздер), шығарма кейіпкерлерінің іс-әрекетін бағалау. Шығарма мазмұнын сюжеттің бірізділігін сақтай отырп, эмоциямен қисынды қайталап айтып беру, диалогтік сөйлеуді дамыту, кейіпкерлерге және олардың әрекеттеріне өз көзқарасын білдіру. Әдеби кейіпкерлердің белгілі бір әрекетін өзінің қалай қабылдағаны туралы айту, | Жаңбыр, қар, бұршақ жауады. Жел соғып, күн күркіреп, найзағай жарқылдайды. Қар ериді, су тасиды. Өзендер мен көлдер қатады. Табиғатта жер сілкіну, боран соғу, су тасқыны, тағы да басқа құбылыстар болып тұрады. Табиғатта болып тұратын өзгерістерді **табиғат құбылыстары**-деп атайды.<br>**Суретпен жұмыс.**<br>Суреттегі табиғат құбылыстарын сипаттау.<br>**Балалардың жұмысы.**<br>«Табиғат құбылыстары» Сурет салу. (жаңбырлы күн; кемпірқосақ; найзағай т.б.)<br>-Жылдың қай мезгілінде жаңбыр жиі жауады?<br>**Д.О.** «Жер, су, ауа, от»<br>**Шарты:** Педагог: **«Ауа»** деген кезде балалар қолдарын жоғары көтереді. **«Су»** деген кезде балалар қолдарын алға созып, жүзеді. **«От»** дегенде қолдарын былғайды. «Жер» дегенде қолдарын төмен түсіреді.<br><br>**3.Қазақ тілі.**<br>**Міндеттері:** Тілдік дамытушы орта. Ауыз екі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту. Қазақ халқының тұрмыстық заттары мен киім-кешегімен, азық-түлік өндірудегі тұрмыстық кәсібімен, тұрмыста, аң аулауда, мал өсіруде және егіншілікке қажетті құрал- | адамның дене мүшелерін атайды.<br>Е.Пермяктің **«Қол бізге не үшін керек?»** әңгімесін балаларға мәнерлеп оқып беру.<br>**Тыңда.**<br>**«Қол не үшін керек?»**<br>Немерелері атасын қатты жақсы көреді. Олар үнемі атасының қасында жүреді. Барлық тақырыпта атасымен сөйлеседі. Бір күні атасы немерелерінен сұрайды:<br>-Балаларым, бізге қол не үшін керек?<br>-Ойын ойнау үшін ата-деп жауап береді.<br>-Тағы не үшін деп сұрайды атасы.<br>-Тамақ ішу үшін, мысық ұстау үшін, киімдерімізді кию үшін т.б. деп жауап береді. Немерелері тек өзінің қолына өз қажеттіліктерін орындауға байланысты ойын айтты. Атасы: немерелерім қол адамдарға тек заттарды ұстау үшін ғана емес, тағы да еңбек ету үшін, жақсылық жасау үшін керек қажет деп жауап берді.<br>-Әңгіме не туралы айтылған?<br>-Қол бізге не үшін керек? Адамдардың қолынан көп нәрсе келеді екен. Қолмен әлемде болып жатқан өзгерістер мен жақсылықтың барлығы да қолмен жасалады. Адамдар қолдарымен еңбек ету арқылы бір-біріне жақсылық жасайды екен. | <br><br><br>**Ой қозғау:**<br>-Құмнан және саз балшықтан не жасауға болады?<br>-Тастан не соғуға болады?»<br>Ойланып суретін сал.<br>**Д.О.** «Аукцион»<br>**Шарты:** Педагог сурет | **Д.О.** «Қазақтың ұлттық бас киімдері»<br>**Ойынның мақсаты:** Ұлттық бас киім түрлерінің атын білу және ер бала мен қыз баланың бас киімдерін ажырата білуге үйрету.<br>**Ойын барысы:** Балалар хатқалтаның ішінен шыққан бас киімдерді атайды, ажыратады. Оларды қай кезде және қайда киетін айтады. Ер бала мен қыз баланың бас киімдерін жеке-жеке топтастырады. Ол сөздерге қатыстырып сөйлем құрайды.<br>**Шығармашылық үзіліс**<br>**Сурет салу:**<br>Қазақтың ұлттық киімдері: орамал, шапан, камзол салу,<br>**Сюжеттік-рөлдік ойын:** «Досыма сый»<br>**Ойынның мақсаты:** Балаларды бір-бірімен дос бола білуге, досына адал болуға тәрбиелеу.<br>**Ойынның мақсаты:** Балалар салған суреттерін алғыс айтып, өз досына сыйлауды ұсыну.<br><br>**4.Дене шынықтыру.**<br>**Қимылды ойындар.**<br>Ынта мен шығармашылық |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | кейіпкерлердің жасырын әрекетін түсіну.<br>**Сөздік ойын:** «Тамаша күн!»<br>**Шарты:** Балалар қойылған сұрақтарға басбармағын көрсете отырып **«Тамаша!»**-деп жауап береді.<br>-Бүгінгі көңіл-күйлерің қалай?<br>-Ауа-райы қандай?<br>-Қыс мезгілі қандай?<br>-Таза ауамен демалған қандай?<br>-Біздің табиғатымыз қандай?<br>-Қыс мезгілі сендерге ұнай ма?<br>-Қыс мезгілінде қандай өзгерістер болады?<br>-Сырғанақта немен сырғанаймыз?<br>-Қыста қандай ойындар ойнайсыңдар?<br>-Сырғанаққа барған несімен ұнайды?<br>-Қардан не жасайсыңдар?<br>-Қыс мезгіліне арнап жаттаған тақпақтарыңды айтып беріңдер.<br>**Жұмбақты шеш.**<br>Мініп алып ылғи да,<br>Тыңнан жол табамын.<br>Жоғарыдан ылдиға,<br>Жұлдыз болып ағамын.<br>(шана).<br>**Бірге жаттайық.**<br>Жас ұланмын шыныққан,<br>Жасқанбаймын суықтан.<br>Қардан жасап аққала,<br>Сырғанаймын шаттана.<br>**Тыңда:**<br>Г.Әзімбаеваның **«Шана»** әңгімесімен таныстыру.<br>-Бала ұйқысынан тұрып қайда қарады?<br>-Ол терезеден кімді көрді?<br>-Әкесі мен анасы не істеп отырды?<br>-Бала ата-анасына қандай сөз айтты? | жабдықтары, туған өлкенің көрнекті жерлері, әсем табиғаты, тарихи орындары туралы суреттер, фотолар, альбомдармен жабдықталған орта құру.<br>**Шаттық шеңбері.**<br>Балалар шаттық тұрады. Педагог балаларға кезекпен допты лақтырады. Допты қағып алған бала қай қалаға барғанын және қандай көрікті жерлерде болғанын әңгімелейді.<br>**Суретпен жұмыс.**<br>**Шарты:** Туған өлкенің көрнекті жерлері, әсем табиғаты, тарихи орындары туралы суреттер, фотолар, альбомдармен жабдықталған орта құру.<br>Сурет бойынша балаларға туған өлкенің көрнекті жерлері, әсем табиғаты, тарихи орындары туралы түсінік беру.<br>**Бірге жаттайық.**<br>**Туған өлке**<br>Алтын дәнді даласы бар,<br>Ақ күмістей қаласы бар.<br>Неткен сұлу, неткен көркем!<br>Осы менің туған өлкем!<br>**Шығармашылық үзіліс.**<br>**Сурет салу.**<br>«Менің туған өлкем»<br>Балаларға туған қаламыздың (ауылымыздың) көрікті жерлері мен ғимараттарының суретін салуды ұсыну.<br>Ең жақсы салынған суреттерден көрме ұйымдастыру. | **Бірге жаттайық.**<br>Екі көзің не үшін керек?<br>Жақсыларды көру үшін.<br>Екі құлақ не үшін керек?<br>Ақыл-кеңес тыңдау үшін.<br>Екі қолың не үшін керек?<br>Елге көмек беру үшін керек!<br><br>**4.Шебер қолдар.**<br>**Тақырыбы:** «Қаңқыз»<br>**Сабақтың мазмұны:**<br>Ермексазды, түрлі-түсті қағазды пайдалана отырып коллаж жасау. Балалардың еңбекке қызығушылығын арттыру.<br>**Суретпен жұмыс**<br>**Шарты:** Суретке қарап, өзің білетін жәндіктерді ата. Пайдалы және зиянды жәндіктерді ата.<br>Инеліктің, қоңыздың, құмырсқаның аяқтарын сана. Нешеу?<br>Күзде жәндіктердің тіршілігінде қандай өзгерістер болады?<br>**Жұмбақтар шешейік**<br>.Тоқыған ауы,<br>Шыбынның жауы.<br>(өрмекші).<br>.Үп-үшкір таяғы,<br>Жыланның көзін ояды.<br>(дәуіт).<br><br>Алға қарай,<br>Артқа қарай жүреді<br>Еңбексүйгіш оны бәрі біледі.<br>(құмырсқа).<br><br>.Өзі төрт қанатты,<br>Және алты аяқты.<br>Сонда да тік ұшақ,<br>Моделі сияқты. | арқылы әртүрлі заттарды аукционға шығарады.<br>Құм, тас, кірпіш, саз балшық, ағаш.<br>Заттың пайдалануы туралы ұсыныс жасаған бала жеңеді. Кезекпен нысанды пайдалану жолдарын атап береді.<br><br>**3.Қазақ тілі.**<br>**Міндеттері:** Тілдік дамытушы орта. Ауыз екі сөйлеуді қарым-қатынас құралы ретінде дамыту.<br>Қазақ халқының тұрмыстық заттары мен киім-кешегімен, азық-түлік өндірудегі тұрмыстық кәсібімен, тұрмыста, аң аулауда, мал өсіруде және егіншілікке қажетті құрал-жабдықтары, туған өлкенің көрнекті жерлері, әсем табиғаты, тарихи орындары туралы суреттер, фотолар, альбомдармен жабдықталған орта құру.<br>**Шаттық шеңбері.**<br>Балалар шаттық тұрады. Педагог балаларға кезекпен допты лақтырады. Допты қағып алған бала қай қалаға барғанын және қандай көрікті жерлерде болғанын әңгімелейді.<br>**Ән айту:**<br>«Елімізді сүйеміз»<br>Қ.Мырза Әли<br>Д.Ботбаев<br>**Суретпен жұмыс.**<br>**Шарты:** Туған өлкенің көрнекті жерлері, әсем табиғаты, тарихи орындары туралы суреттер, фотолар, | таныта отырып, таныс қимылды ойындарды өз бетінше ұйымдастыруға мүмкімдік беру.<br>Ұлттық қимылды ойындарды ойнату.<br>Балаларды жарыс элементтері бар эстафеталық ойындарға қатысуға баулу.<br>**Қимылды ойын:**<br>«Жүгір-отыр-жүгір!»<br>**Ойынның мақсаты:**<br>Белгі бойынша әрекет жасауды дамытуды жалғастыру.<br>**Ойын барысы:**<br>Педагог: «Жүгір!»-балалар алаңда жүгіреді. «Отыр!»-балалар отырады.<br>Жылдамдықты, бұйрықты тез орындау. Күнделікті белсенді қимыл әрекетті қалыптастру.<br>**Қимылды ойын:**<br>«Балапандар мен мысық»<br>**Бастапқы қозғалыс:**<br>Жай жүріс, жүгіру.<br>**Ойын барысы:** Бір бала мысық болады. Балалар мұғаліммен бірге мысыққа жақындап:<br>Мыс-мыс-мысығым,<br>Қандай күшті пысығым.<br>Пеш түбінде ұйықтайды,<br>Көзін қатты |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | -Әкесі баласына не әкеліп берді?<br>-Анасы баласына қандай ақыл айтты?<br>-Анасы неліктен олай айтты?<br>-Баласы не деп жауап берді?<br>**Сергіту сәті.**<br>Боран соғар оң жақтан,<br>Боран соғар сол жақтан.<br>Қар лақтырып ойнасақ,<br>Су өтеді қолғаптан.<br>**Д.О.** «Кім тез шананы құрайды?»<br>**Ойынның мақсаты:** Балаларды шапшаңдыққа баулу.<br>**Ойын барысы:** Бірнеше қиып дайындалған шана бөліктері.<br>Берілген белгі бойынша балалар шананы құрастырады.<br>**Д.О.** «Қандай қимыл жасағанын тап»<br>**Ойынның мақсаты:** Қысқы ойындарды ажырата білуге үйету.<br>**Ойын барысы:** Бастаушы түрлі қимылдар (шаңғы, хоккей, коньки, шана) жасайды, балалар қандай қимыл жасағанын табады.<br>**Тыныштық сәті:**<br>Баяу музыка әуенімен балалар көздерін жұмады. Көз алдарына биіктен шанамен сырғанап ойнаған сәттерін елестетеді. Шанамен ойнаған қандай қызық. Отыруға ыңғайлы. Қардың үстімен зулап сырғанайды. Көзімізді ашамыз. Балалар өз ойларын айтып береді.<br>**Боямақ.** «Сырғанақта» | Балалардың пікірін тыңдау.<br><br>**4.Музыка.**<br>**Міндеттері:**<br>**Музыка тыңдау.** Қазақ халқының әндері мен би әуендерінің үздік үлгілерін тыңдауға баулу.<br>**Ән айту.** Ән айтуда дауыспен вокалдық-есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру. Ән айту дағдыларын қалыптастыру. Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз жеке ән айту дағдыларын дамыту. Әнді музыкалық талғаммен орындауға жаттықтыру.<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** Музыканың және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып жаттығуларды орындауға үйрету: марш сипатын анық ырғақты жүрумен, музыканың қимыл сипатын жеңіл және ырғақпен жүгіру жүрелеп отыру арқылы бере білу. Би қимылдарын қосалқы және ауыспалы қадам жасауды, әртүрлі бағытта жүгіруді және секіруді меңгерту.<br>**Музыка тыңдау.**<br>«Елімізді сүйеміз»<br>Қ.Мырза Әли<br>Д.Ботбаев<br>**Ән айту:** «Астана»<br>-Астана туралы не білесіңдер?<br>-Астананың қандай көрікті орындарын білесіңдер? | (инелік).<br>.Ызыңдап ән салып,<br>Лас жерге қонады.<br>(шыбын).<br>.Ұшады, қонады,<br>Гүлдердің қонағы.<br>(көбелек).<br>.Күні бойы тынбайды,<br>Дәмді тағам жинайды.<br>(ара).<br>**Д.О.** «Жасырынған не?»<br>**Ойынның мақсаты:** Жәндіктер туралы білімдерін толықтыру.<br>**Ойын барысы:** Суретке қарап не жасырынып тұрғанын айтады.<br><br>**Шығармашылық үзіліс**<br>**Балалардың жұмысы:**<br>«Қаңқыз»<br>Ермексазды, түрлі-түсті қағазды пайдалана отырып коллаж жасауды ұсыну.<br>Көрме ұйымдастыру.<br>**5.Дене шынықтыру.**<br>***Жалпы дамытушы жаттығулар.***<br>Аяққа арналған жаттығулар: | альбомдармен жабдықталған орта құру.<br>Сурет бойынша балаларға туған өлкенің көрнекті жерлері, әсем табиғаты, тарихи орындары туралы түсінік беру.<br>**Бірге жаттайық.**<br>**Туған өлке**<br>Алтын дәнді даласы бар,<br>Ақ күмістей қаласы бар.<br>Неткен сұлу, неткен көркем!<br>Осы менің туған өлкем!<br>**Шығармашылық үзіліс.**<br>**Сурет салу.**<br>«Менің туған өлкем»<br>Балаларға туған қаламыздың (ауылымыздың) көрікті жерлері мен ғимараттарының суретін салуды ұсыну.<br>Ең жақсы салынған суреттерден көрме ұйымдастыру.<br>Балалардың пікірін тыңдау.<br><br>**4.Музыка.**<br>**Міндеттері:**<br>**Музыка тыңдау.** Қазақ халқының әндері мен би әуендерінің үздік үлгілерін тыңдауға баулу.<br>**Ән айту.** Ән айтуда дауыспен вокалдық-есту қабілетін үйлестіруді жетілдіру. Ән айту дағдыларын қалыптастыру. Музыкалық сүйемелдеумен және сүйемелдеусіз жеке ән айту дағдыларын дамыту. Әнді музыкалық талғаммен орындауға жаттықтыру.<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** Музыканың | қыспайды.<br>Балапанды ұстайды?<br>**Мысық:** Мяу!-деп балаларды қуа жөнеледі. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | <br>**4.Дене шынықтыру.**<br>**Негізгі қимылдар.**<br>Сапқа тұру, сап түзеу, сапқа қайта тұру: сапқа бір, екі, үш қатармен тұру, бір-бірінің жанына және бір-бірінің артынан сапқа тұру, орнында айналу, оңға, солға бұрылу, сап түзеп, бір және екі үш қатармен қайта тұру.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:** «Жұбыңды тап»<br>**Шарты:** Екі-екіден сапқа тұру. Сапта жүгіру. Түрлі-түсті лентаdarды алып, сол орамалдардың түстеріне қарай жұпқа тұрады. Жұбын біліп алған соң белгі бойынша залда шашырап кетеді. Қайтадан «1,2,3-жұбыңды тап!»-деп белгі бергенде қайта жұп құрып, тізбекке тұра қалады. | -«Бәйтерек» туралы не білесіңдер?<br>-«Бәйтеректің төбесінде не бар?»<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** «Шарлармен би» | аяқтың ұшына көтерілу, қолды алға созып жартылай отырып тұру, (2-3) рет, қолды тізеге қойып отырып-тұру, аяқтың ұшымен ұсақ заттарды жылжыту.<br>**«Нысанаға допты домалату»**<br>**Шарты:** Балалар екі қатарға бөлініп тұрады, тізілген кеглилерді қолдарындағы допты домалатып, көздеп құлату керек. Әрбір бала өзінің неше кегли құлатқанын есінде сақтауы тиіс. Допты оң қолмен, сол қолмен де домалатуға болады.<br>**Қимыл-қозғалыс ойыны:** «Күн мен түн»<br>**Шарты:** Екі сызық сызылады. Бір сызықта ұлдар, екінші сызықта қыздар тұрады. Жүргізуші ортада тұрады.<br>Ұлдар тобы **«Түн»** қыздар тобы **«Күн»** болады.<br>Ойын басталады:<br>**«Түн!»** дегенде қыздар ұлдарды ұстап алуға,<br>**«Күн!»** дегенде ұлдар қыздарды ұстап алуға тырысады. | және оның бөліктерінің сипатындағы өзгерістерге сәйкес қимылдарды өзгерте отырып жаттығуларды орындауға үйрету: марш сипатын анық ырғақты жүрумен, музыканың қимыл сипатын жеңіл және ырғақпен жүгіру жүрелеп отыру арқылы бере білу.<br>Би қимылдарын қосалқы және ауыспалы қадам жасауды, әртүрлі бағытта жүгіруді және секіруді меңгерту.<br>**Музыка тыңдау.**<br>«Ұланы еркін елімнің» Т.Қоңыратпай.<br>**Ән айту:** «Балдырғандар әні» Ш.Қалдаяқов.<br>**Музыкалық-ырғақтық қимылдар:** «Батырлар биі» | |
| **Серуенге дайындық** | Серуендеуге деген қызығушылықты арттыру. Киіну: жүйелік серуендеуге шығу, ережелерді сақтау, балалармен жеке әңгімелер жүргізу. | | | | |
| **Серуендеу** | №21.Мұзды бақылау. | №15 Ағаш пен бұталарды бақылау. | №5. Күннің көзін бақылау. | №18 Аула тазалаушының еңбегін бақылау. | №16 Құстарды бақылау. |
| **Балалармен жеке жұмыс.** | **1.Сауат ашу негіздері.**<br>**Қолға қалам аламыз,** | **1.Көркем әдебиет.**<br>Ертегі кейіпкерін таны. | **1.Сурет салу.**<br>Бояmaқ. «Көңілді қыс» | **1.Құрастыру.**<br>Конструктормен жұмыс | **1.Математика.**<br>Сан және санау. |

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | **Әдемі етіп жазамыз.** (қолын жазуға жаттықтыру). Әртүрлі бағыттағы тігінен, көлденең, қысқа және ұзын сызықтарды, олардың арасындағы арақашықтықты сақтап, алдымен үлгі бойынша және кейіннен өз бетінше жазуға мүмкімдік беру. | Ертегілер еліне саяхат жасау. Суретке қарап таныс ертегілерді атау. | (дайын суреттердің сыртын шетке шығармай бастырып бояу). |  **Шарты:** Үлгіге қарап конструкторлардан сандарды құрастырады. | Заттарды санау. Санын анықтау. |
| **Балалардың үйге қайтуы.** | «Үйдегі математикалық ойындар» тақырыбында әңгімелесу. | Ата-аналармен әңгімелесу: Балалармен бірге кітаптар қарау, ертегі кітаптар оқуға кеңес беру. | Балаларға өлең, тақпақтарды үйден қайталатып жаттатқызуға ата-анаға кеңес беру. | Ата-аналарға кеңес: «Баланың әрбір жетістігі үшін мақтап отырыңыз» | Ата-анамен сөйлесу. Демалыс күндерін жақсы өткізуін айту. |